Шөп жинағышты монтаждау	363
Жанармай және мотор майы	363
Басқару элементтері	363
Жалпы ережелер	363
Бас тұтқадағы жетектер	363

Бас тұтқаны жинау	363
Биіктікті реттеу тұтқасы	364
Орталық кесік биіктігін орнату	364
Аккумулятор және зарядтағыш құрылғы (RM 545 VE)	364
Шөпжинағышты толтыру индикаторы	364
Шөп жинағышты орнату және алу	365
Сақтандырғыш құрылғылар	365
Қорғаныс құрылғылары	365
Қозғалтқышты тоқтату тұтқасы	365
Жұмыс нұсқаулары	365
Пайдаланушының жұмыс аймағы	365
Ролигі бар көгалшапқыш	366
Жабындау	366
Жабындау қалай жүзеге асырылады?	366
Қолданысқа енгізу	366
Іштен жанатын қозғалтқышты іске қосу	366
Іштен жанатын қозғалтқышты сөндіру	367
Қозғалғыш механизм жетегі	367
Шөп жинағышты босату	367
Техникалық қызмет көрсету	368
Жалпы ережелер	368
Құрылғыны тазалау	368
Пышақ тозуын тексеру	368
Пышақты алу және орнату	369
Пышақтың балансын тексеру	369
Шапқыш пышағын қайрау	369
Қозғалғыш механизм жетегінің арқанын орнату	370
Іштен жанатын қозғалтқыш	370
Аккумуляторға және зарядтағыш құрылғыға техникалық қызмет көрсету	370
Дөңгелектер мен беріліс қорабы	370

HU
SR
HR
CS
LV
LT
RO
EL
RU
BG
UK
ET
AZ
KK

Роликке техникалық қызмет көрсету	370
Сақтау және қолданыстан шығару (қысқы қаңтарылу кезеңінде)	371
Тасымалдау	371
Тасымалдау	371
Қоршаған ортаны қорғау	371
Тозу дәрежесін барынша азайту және зақымдардан қорғау	372
Басқа да қосалқы бөлшектер	373
ЕО талаптарына сәйкестік туралы декларация	373
Бензинді көгалшапқыш (STIHL RM)	373
Сәйкестік белгісі	374
Белгіленген қолданыс кезеңі	374
STIHL штаб-пәтері	374
STIHL еншілес кәсіпорындары	374
STIHL өкілдіктері	374
STIHL импорттаушылары	374
Техникалық деректер	375
REACH	377
Ақаулықтарды іздеу	377
Техникалық қызмет көрсету жоспары	379
Берілісті растау	379
Қызмет көрсетуді растау	379

2. Аталмыш пайдалану жөніндегі нұсқаулық жайында

2.1 Жалпы ақпарат

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық ЕО 2006/42/ЕС директивасына сәйкес келетін өндірушінің **пайдалану жөніндегі түпнұсқалы нұсқаулығы** болып табылады.

STIHL компаниясы өз өнімдерінің таңдауын жетілдіру бағытында үздіксіз жұмыс атқаруда; сондықтан біз өз өнімдеріміздің түріне, өндіру технологиясы мен жабдықтауына өзгеріс енгізуге құқылымыз. Осы себеппен осы шығарылымдағы мәліметтер мен суреттер жөнінде шағымдар қабылданбайды.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта кейбір елдерде қолжетімді болмайтын үлгілер сипатталған.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық заңды түрде қорғалған. Барлық құқықтары, әсіресе жаңғырту, аудару және электрондық жүйелермен өңдеуге құқықтар қорғалған.

2.2 Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықты қалай қолдану керек

Суреттер мен мәтіндер жұмыстың белгілі бір сатыларын сипаттайды.

Көгалшапқыштағы барлық нышандар, пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта түсіндіріледі.

Көз тігу бағыты:

«сол жақта» және «оң жақта» сөздерін жазған кезде, келесі мағына беріледі: пайдаланушы көгалшапқыштың артында тұр және қозғалыстың бағытымен қарайды.

Бөлімдердің нұсқаулары:

Толығырақ ақпаратты табуға болатын бөлімдер мен бөліктер көрсеткішпен белгіленген. Бөлім нұсқауларының мысалы: (⇒ 4.)

Мәтін үзінділерінің белгіленуі:

Бөлек нұсқаулар келесідей белгіленуі мүмкін.

Пайдаланушының орындалатын операцияларының бірізділігі:

- Бұрауыштың көмегімен және тұтқышты (2) қолдана отырып, бұранданы (1) бұрап алыңыз ...

Жалпы тізімдері:

- Спорттық іс-шаралар мен сайыстарды өткізген кезде өнімді қолдану

Аса маңызды мәтіннің бөліктері:

Оқырманның назарын аудару үшін, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы мәтіннің ең маңызды үзінділері келесі таңбалармен белгіленеді.



Қауіп-қатер!

Ауыр жарақат пен зақым алу қаупі бар. Белгілі бір әрекеттері белгіленген немесе рұқсат етілмеген.



Ескерту!

Жарақат алу қаупі бар. Жарақаттан аман сақтап қалатын тәсіл көрсетілген.



Абай болыңыз!

Белгілі бір әрекеттердің салдарынан жеңіл жарақаттар келтіріліп, жабдық сынуы мүмкін.



Нұсқау

Оператордың ықтимал қателіктерін болдырмау мақсатымен жабдықты қолдану жөніндегі ұсыныстар.

Суретке сілтемелер:

Құрылғыны пайдалануды көрсететін суреттер Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың басында келтірілген.

Фотокамера белгісі Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген мәтінге сәйкес суретті нұсқайды.



3. Құрылғылардың сипаты



- 1 Жетектері бар бас тұтқаның жоғарғы бөлігі (⇒ 8.2)
- 2 Бас тұтқаның бекіткіші
- 3 Стартер арқаны
- 4 Айналмалы тұтқа
- 5 Лақтырманың қақпағы
- 6 Машина нөмірі жазылған төлқұжат
- 7 Іштен жанатын қозғалтқыш
- 8 От алдыру білтесі сымының штекері
- 9 Тасымалдау тұтқасы
- 10 Корпус

- 11 Қапталдың қорғаныс белдемесі
- 12 Кесік биіктігінің индикаторы
- 13 Орталық кесік биіктігін орнату
- 14 Бас тұтқаның биіктігін реттеу айналмалы тұтқасы
- 15 Шөп жинағыш
- 16 Шөпжинағышты толтыру индикаторы
- 17 Аккумулятор (RM 545 VE)
- 18 Топырақ бетін жабу жабындарының тобы (RM 545 VM)
- 19 Ролик (RM 545 VR)

4. Қауіпсіздік шаралары

4.1 Жалпы ережелер



Аспаппен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын қатаң ұстаныңыз.



Алғаш рет қолданар алдында пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықты толығымен оқыңыз керек. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты тағы да қолдану мақсатында сақтап қойыңыз.

Іштен жанатын қозғалтқышты пайдалану жөніндегі жеке дара нұсқаулықтан Сіз таба алатын пайдалану және қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын сақтаңыз.

Қауіпсіздік мақсатында мына қауіпсіздік шараларын ұстанған жөн және де нұсқаулықта ескерілмеген басқа да ережелерді ұстану керек. Құрылғыны үнемі ақылмен және жауапкершілікпен пайдаланыңыз және де пайдаланушы

басқа тұлғаларға зақым тигізгені үшін және мүлікті бүлдіргені үшін жауапты екенін ұмытпаңыз.

Басқару элементтерімен және құрылғыны пайдалану ережелерімен танысып шығыңыз.

Құрылғыны тек пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқыған және құрылғыны пайдалана алатын тұлғаларға ғана пайдалануға болады. Алғаш рет қолданысқа енгізер алдында пайдаланушы тәжірибелі маманға жүгінуі керек. Сатушы немесе басқа маман пайдаланушыға құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану ережелерін түсіндіруі тиіс.

Нұсқау берген кезде пайдаланушыға құрылғымен жұмыс істеген кезде барынша абай болып, зейін қоя отырып жұмыс істеу керек екенін түсіндірген жөн.

Осы құрылғыны мұқият пайдаланған кезде де әрдайым қалдық тәуекелдер пайда болуы мүмкін.



Тұншығудан өлім қаупі бар!

Орауыш материалмен ойнағаннан балаларға тұншығу қаупі төнуі мүмкін. Орауыш материалды балалардан алшақ ұстаңыз.

Құрылғыны барлық құралдарымен тек осы үлгімен таныс және онымен жұмыс істей алатын тұлғаларға ғана беруге рұқсат етіледі. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық құрылғының ажырамас бөлігі болып табылады және жаңа пайдаланушыға құрылғымен бірге берілуге тиіс.

Құрылғымен тек физикалық және психологиялық жағдайы жақсы болғанда ғана жұмыс істеу керек.

Денсаулығыңыз нашар болған жағдайда ұсақтағышпен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін дәрігерге жолығыңыз. Қимылыңызды нашарлататын дәрілердің немесе алкоголь ішімдіктерінің әсері барда құрылғымен жұмыс істеуге тыйым салынады.

Құрылғымен жұмыс істеу және пайдалану үшін пайдаланушының физикалық, сезіну және ойлау қабілетін қамтамасыз ету. Егер пайдаланушы физикалық, сезіну немесе ойлау жағынан шектеулі болса, ол құрылғымен тек қадағалауда немесе жауапты тұлғаның нұсқаулары бойынша ғана жұмыс істей алады.

Пайдаланушының кәмелетке толғанына немесе ұлттық ережелерге сәйкес кәсібі бойынша қадағалауда оқытылғанына көз жеткізіңіз.

Назар аударыңыз: жазатайым уақиғаның қаупі бар!

Көгалшапқыш тек көгалдарды шабуға ғана арналған. Оны басқа мақсатта қолдануға болмайды, себебі бұл адам үшін қауіпті және жабдық үшін зиянды болуы мүмкін.

Пайдаланушының денсаулығына қауіп төнетіндігіне байланысты көгалшапқышты келесі жұмыстар үшін қолдануға болмайды (тізбесі толық емес):

- өсіп жатқан ағаш шарбақтар, бұта мен ағаштарды бұтау үшін,
- шырмалағыш өсімдіктерді бұтау үшін,
- үй төбесіндегі және балкон жәшіктеріндегі гүлзарға күтім жасау үшін,
- ағаштар мен бұталардың бұтақтарын ұсақтау және бұтау үшін,

- жаяу жүргінші жолдарын тазарту үшін (шаңсорғыш арқылы немесе үрлеу әдісімен),
- топырақтың кедір-бұдыр жерлерін, мысалы, ін көртышқанының қазған жерлерін тегістеу.
- орылған шөпті, бұл үшін қарастырылған шөпжинағыштағыдай тасымалдау үшін.

Қауіпсіздік мақсатында STIHL компаниясы рұқсат еткен керек-жарақтардың дұрыс орнатылымынан басқа, құрылғы құрылымына кез келген өзгерістер енгізуге тыйым салынады, сонымен қатар, мұндай әрекеттер кепілдіктің жойылуына әкеледі. Рұқсат етілген керек-жарақтар туралы мәліметтерді STIHL делдалынан біліп алуға болады.

Сонымен қатар, іштен жанатын қозғалтқыш пен электр қозғалтқыштың айналу жиілігіне немесе қуаттылығына әсер ететін құрылғыны қолмен қозғалтуға тыйым салынған.

Құрылғыны зат, жануарлар мен адамдарды, әсіресе балаларды тасымалдау үшін пайдалануға тыйым салынады.

Қоғамдық орындар, парктер, спорт алаңшаларында, жолда, ауыл және орман шаруашылығында пайдаланған кезде өте сақ болу қажет.



Назар аударыңыз! Діріл денсаулыққа қауіп төндіреді! Дірілге байланысты тым артық

жүктеменің түсуіне орай, әсіресе қан айналымының сырқаттарынан зардап шегетін адамдарда қан айналымының сырқаттары немесе жүйке жүйесінің ауруы пайда болуы мүмкін. Діріл жүктемесінен пайда болуы мүмкін

симптомдар анықталған жағдайда дәрігерге қаралыңыз. Көбінесе тіс, алақан немесе білек тұсында пайда болатын симптомдар мынадай (тізімі толық емес):

- апатия,
- аурулар,
- бұлшық ет әлсіздігі,
- терінің пигменттенуі,
- жағымсыз қышыма.

Жұмыс барысында бас тұтқаны екі қолмен және арнайы жерлерінен берік, бірақ тым қатты емес ұстаңыз.

Жұмыс уақытын ұзақ мерзімді жоғары жүктемелерге жол бермейтіндей етіп жоспарлаңыз.

4.2 Жанар-жағар май толтыру - бензинді қолдану ережесі



Өміріңіз үшін қауіпті!

Бензин - улы әрі оңай тұтанатын зат болып табылады.

Бензинді тек осыған арналған және сертификатталған сыйымды ыдыстарда (канистраларда) ғана сақтаңыз. Сұйыққоймалардың қақпақтарын әрқашан дұрыс бұрап алып, дұрыс бұраңыз. Қауіпсіздік талаптарына орай ақаулықтары бар қақпақтарды жаңасына ауыстырған жөн.

Жанармай секілді қолданыс материалдарын пайдаға асыру және сақтау мақсатында, сусындардың бөтелкелері мен соған ұқсас заттарды ешқашан қолданбаңыз. Бөтен адамдар, әсіресе балалар, осы бөтелкенің ішіндегісін ішіп қоюы мүмкін.



Бензинді жанып тұрған оттан, жылу қайнарларынан және ұшқынның басқа да ықтимал қайнарларынан алшақ ұстаңыз. Шылым шекпеңіз!

Жанармайды тек ашық ауада құйыңыз. Жанар-жағар майды құйған кезде шылым шекпеңіз.

Жанар-жағар май құяр алдында, қозғалтқышты сөндіріңіз және суытыңыз.

Қозғалтқышты қосар алдында оған бензин құйыңыз. Жұмыс істеп тұрған немесе әлі суымаған қозғалтқыштың жанармай бағын ашуға және оған бензин құюға болмайды.

Жанармай бағын артық толтырмаңыз!

Жанармай орнының кеңеюіне мүмкіндік беру үшін, жанармай бағын ешқашан толтыру мойнының астыңғы жиегінен асыра толтырмаңыз. Іштен жанатын қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы қосымша нұсқауларды орындаңыз.



Егер бензин ағып кеткен болса, онда алдымен бензинмен кірленген қабатты тазартып болғаннан соң, қозғалтқышты іске қосыңыз. Бензин булары буланбағанша, оталдыратын әрекет жасамаңыз (құрғақ шүберекпен сүртіп жіберіңіз).

Ағып кеткен жанармайды әркез сүртіп отырыңыз.

Егер бензин киімге тиіп кеткен болса, киімді ауыстыру керек.

Бағында бензині бар құрылғыны ғимараттың ішінде ешқашан сақтамаңыз. Пайда болатын бензин

булары, жанып тұрған отпен немесе ұшқынмен түйісіп, кейін тұтанып кетуі мүмкін.

Қажет болса, жағармайы бар бакты босату керек, бұл шара ашық ауада жасалады.

4.3 Аккумулятор және зарядтағыш құрылғы

Іштен жанатын қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты ұстаныңыз және қауіпсіз күтім көрсетіңіз. Бұл нұсқаулықта аккумулятор мен зарядтағыш құрылғыны қауіпсіз қолдану әдісі көрсетілген.

Тек түпнұсқа аккумулятор мен түпнұсқа зарядтағыш құрылғы қолданылуы тиіс.

Аккумулятор мен зарядтағыш құрылғыны жанбыр мен ылғалдан қорғаңыз және ешқашан құлатпаңыз.

Тек зақымдалмаған, деформацияланбаған аккумулятор мен зақымдалмаған зарядтағыш құрылғыны қолданыңыз. Әсіресе зарядтағыш құрылғының желілік кабелін тексеру керек. Зарядтағыш құрылғыны ешқашан зақымдалған желілік кабельмен пайдалануға болмайды.

Аккумулятор мен зарядтағыш құрылғыны ешқашан бөлшектемеңіз, ешқандай жөндеу жұмыстарын орындамаңыз. Бүлінген аккумулятор немесе бүлінген зарядтағыш құрылғы алмастырылуы тиіс.

Зарядтағыш құрылғыны максималды ажырату тогы 30 мА балқымалы сақтандырғышпен қорғалған электр

қуатының көзіне жалғап қосуға болады. Қосымша ақпарат алу үшін электр маманына хабарласыңыз.

Қолданылмайтын аккумуляторды металл заттардан (мысалы, шегелер, тиындар, әшекей) алшақ ұстаңыз. Аккумулятор контактілерін ешқашан қысқа тұйықтамаңыз, ешқандай металл контейнерлерін қолданбаңыз.

Қате қолданыс салдарынан ылғал аккумулятор ішінен шығып кетуі мүмкін – тиюін болдырмаңыз! Кенеттен су тигенде шайыңыз. Сұйықтық көзге тигенде, бірден емханалық көмек алыңыз. Шығып кеткен аккумулятор сұйықтығы теріні тітіркендіруі, өртенуге және күйіктерге апарып соғуы мүмкін.

Қосымша қауіпсіздік бойынша нұсқауларды келесі мекенжай бойынша қараңыз: <http://www.stihl.com/safety-data-sheets>

4.4 Киім және әбзел



Құрылғымен жұмыс істеу үшін табаны сырғанамайтын жабық аяқ киім киіңіз. Жалаң аяқ немесе сандалдармен жұмыс істеуге тыйым салынған.



Тазалайтын жұмыстарды істеген кезде, жұмыс қолғаптарын киіңіз және ұзын шашты жинап қойыңыз (жаулық не бас киім киіңіз).



Шапқыш пышақты қайраған кезде, қорғаныс көзілдірігін кию керек.

Құралды қолданған кезде, тек ұзын шалбар және қонымды киім киіңіз.

Ешқашан да қозғалмалы бөліктерге (басқаратын тұтқыштар) тұрып қалатын кең киімді кимеңіз, әшекейлерді, галстуктарды және мойынорағыштарды тақпаңыз.



Жұмыс барысында шуыл туындайды. Шуыл есту қабілетіне зиян келтіруі мүмкін.

Құлақ қорғайтын жабдықты тағып жүріңіз.

4.5 Құрылғыны тасымалдау

Өткір жүздерден және ыстық бөлшектерден зақымданбау үшін үнемі қолғаппен жұмыс істеу керек.

Қозғалтқышы қосулы тұрған құрылғыны тасымалдамаңыз. Тасымалдар алдында қозғалтқышты сөндіріңіз, пышақтың тоқтауын күтіңіз және түйіспелі оталдыру білтесін суырып алыңыз.

Қозғалтқыш суыған және жағармай бағы босатылған кезде ғана шапқышты тасымалдаңыз.

Сай келетін жүктеу механизмдерін (жүктеу тұғырнамаларын, жүк көтергіш қондырғыларды) пайдаланыңыз.

Құрылғыны және онымен бірге тасымалданатын бөлшектерді (мысалы, шөпжинағыш), жеткілікті көлемдегі бекіткіш заттардың көмегімен (қайыстар, арқандар және т.б.) жүк тасығыш қабатқа бекітіңіз.

Көтерген және тасыған кезде көгалшапқышпен еш түйіспеңіз.

«Тасымалдау» бөлімінің тармақтарын ұстаныңыз. Онда, көгалшапқышты тасымалдаған кезде, оны қалай көтеріп бекіту керектігі жайында жазылған. (⇒ 13.)

Құрылғыны тасымалдау кезінде, атап айтсақ, жүктеу тұғырнамаларында жүктің және тасымалданатын заттың қауіпсіздігіне қатысты жергілікті заңдардың талаптарын орындау қажет.

Аккумуляторды автокөлік ішінде қалдырмаңыз және қолданылмайтын аккумуляторларды тікелей күн сәулесінен қорғаңыз.

Литий-ионды аккумуляторларды тасымалдаған кезде ерекше мұқияттылықпен күту керек, әсіресе қысқа тұйықталудағы қауіпсіздік шараларын сақтаған жөн. Аккумуляторды зақымдалмаған түпнұсқа орауышта немесе арнайы металдан жасалмаған тасымал контейнерінде тасымалдау керек.

4.6 Жұмысты бастамас бұрын

Құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып шыққан адамдар ғана пайдаланатынына көз жеткізіңіз.

Құрылғыны қолданысқа енгізуден бұрын жанармай жүйесінің бітеулігін тексеріңіз, әсіресе жанармай бағы, жанармай бағының қақпағы және шланг байланыстары секілді бөліктерінде. Жанармай ағып кеткен кезде немесе зақым келген кезде іштен жанатын қозғалтқышты қосуға тыйым салынады – **бұл өртке әкелуі мүмкін!** Құрылғыны қолданысқа енгізуден бұрын оны арнайы мамандандырылған қызмет көрсету орталығында жөндеу керек.

ІЖҚ мен электр қозғалтқышпен жабдықталған бақ аспаптарын пайдалану ережелерін сақтаңыз.

Жұмыс аумағын мұқият қарап шығыңыз және одан барлық тастар, таяқтар, сым кесектері, сүйектер және көгалшапқыш үстіге лақтырып қалуы мүмкін басқа да бөгде заттарды алып тастаңыз. Биік шөпте ағаш түбірі мен ағаш томары секілді кедергіні байқамай кетуге де болады.

Сондықтан көгалшапқышпен жұмыс бастамас бұрын шөп алаңында қалып қойған барлық кетірілмейтін бөгде заттарды (кедергілерді) белгілеп қою керек.

Құрылғыны пайдаланар алдында ақауларды жойып, барлық тозған және зақым келген бөлшектерді алмастыру керек. Құрылғыдағы анық емес немесе зақымдалған қауіп және ескерту белгілерін жаңартыңыз. STIHL делдалыңызда қосалқы жапсырмалар мен барлық басқа қосалқы бөліктер бар.

Құрылғыны пайдаланар алдында от алдыру білтесі сымының штекері жағу шамына сенімді орнатылғандығына көз жеткізіңіз.


Тек қолданысқа жарамды күйдегі құрылғыны қолданыңыз. Қолданысқа әр енгізу алдында төмендегілерді тексеру керек:

- құрылғының дұрыс орнатылғанын.
- кескіш құрал және бүкіл кескіш бөліктің (шапқыш пышағы, бекіткіш элементтер, көгалшапқыштың корпусы) мінсіз күйін. Бас назарды берік орнатылғанына, зақымдардың (жарықтар немесе сызаттар), сондай-ақ тозған жерлердің бар-жоғына аударыңыз. (⇒ 12.3)

- отын багының қақпағы дұрыс орнатылғанын.
- бак пен жанармай өткізетін бөліктердің, сондай-ақ, бак қақпағының мінсіз күйінде екендігін.
- қауіпсіздік құрылғылары (мысалы, қозғалтқышты тоқтату тұтқасы, лақтырманың қақпағы, корпус, бас тұтқа, қорғаныш тор) қалыпты күйінде екендігін және тиісінше жұмыс істеп тұрғанын.
- аккумулятордың (**RM 545 VE**) зақымдалмағанын және деформацияланбағанын.
- шөп жинағышта зақымдалған жерлердің бар-жоғын және дұрыс орнатылғандығын; зақымдалған шөп жинағышты қолдануға болмайды.
- бұрандалы тығынның майлы сұйыққоймаға дұрыс бұрап бекітілгенін.

Қажет болса, барлық қажетті жұмыстарды орындаңыз немесе делдалға хабарласыңыз. STIHL компаниясы STIHL делдалдарын ұсынады.

4.7 Жұмыс уақытында



Жануарлар немесе құстар, әсіресе балалар қауіпті аумақта болғанда, ешбір жағдайда жұмыс істемеңіз.

Құрылғыға орнатылған ауыстырып-қосқыштар мен сақтандырғыш құрылғыларды алуға немесе жабуға болмайды. Әсіресе, қозғалтқышты тоқтату тұтқасын бас тұтқаға бекітуге тыйым салынады (мысалы, байлау арқылы).



Назар аударыңыз: жарақат алу қаупі бар!

Айналмалы бөлшектердің жанына қол-аяқтарыңызды ешқашан жақындатпаңыз. Айналмалы пышақты ұстамаңыз. Қалдықтарды лақтыратын саңылаудан едәуір қашықтықта тұрыңыз.

Жұмыс істеп тұрған шапқыштан әркез қауіпсіз қашықтықта тұрыңыз. Тұтқасы тиісті тұрпатта монтаждалуға тиіс, құрылымына еш өзгеріс енгізуге болмайды. Тұтқасы жиналып қойылған көгалшапқышты ешқашан қолданбаңыз.

Ешбір жағдайда заттарды меңгерікке қыстырмаңыз (мысалы, жұмыс киімін).

Жұмысты күндіз немесе жеткілікті дәрежедегі жасанды жарық болған жағдайда ғана орындаған жөн.

Құрылғымен жаңбыр, күн күркірегенде және әсіресе найзағай жарқылдағанда жұмыс істеуге болмайды.

Су жерлерде орнықты тұрмайтындықтан жазатайым оқиға қаупі артады.

Жұмыс барысында сырғанап кетпеу үшін ерекше абай болған жөн.

Мүмкіндігінше құрылғыны дымқыл жерлерде қолданудың алдын алу керек.

Пайдаланылып болған газ:



Улану арқылы өлім қауіп-қатері бар!

Жүрегіңіз айныған, бас ауырған, көру қабілетіңіз нашарлаған (мысалы, көру ауқымы азайса), есту қабілетіңіз нашарласа, басыңыз айналса, зейін қою қабілеті төмендесе, жұмысты дереу тоқтатыңыз. Бұл симптомдар жанатын өнімдердің жоғары мөлшеріне байланысты болуы мүмкін.



Қозғалтқыш әзірше істеп тұрғанша құрылғы пайдаланылып болған газды шығарады. Бұл газдардың құрамында улы көміртегінің қос тетігі, түссіз және иіссіз газ, және басқа да зиянды заттар бар. Қозғалтқышты жабық және нашар желдетілетін үй-жайларда ешқашан да қосуға болмайды.

Іске қосу:

Құрылғыны абайлап іске қосыңыз – «Құрылғыны іске қосу» (⇒ 11.) бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз. Аталған нұсқауларға сай іске қосу жарақат алу қаупін азайтады.

Жарақат алу қаупі бар!

Стартер арқаны жылдам кері секіріп кеткенде, білезік пен қол стартер арқанының босатылуынан жылдамырақ іштен жанатын қозғалтқыш ішіне тартылып қалады. Мұндай кері соғу сүйек сынығына, қысылуға және буын шығуға апарып соғуы мүмкін.

Іске қосу кезінде аяқтарыңыз кескіш құралдан жеткілікті қашықтықта болғанына көз жеткізіңіз.

Бастау кезінде құрылғыны аударуға болмайды.

Іске қосқан кезде қозғалғыш механизм жетегінің тұтқасын ұстауға болмайды.

Қалдықтарды лақтыруға арналған арналар қапқаппен немесе шөпжинағышпен жабылмаған болса, қозғалтқышты сөндірмеңіз.

Еңістерде жұмыс істеу:

Еңіс жерде тек көлденең бағытта қозғалуға болады, бірақ бойлай қозғалмаңыз.


Егер пайдаланушы, еңістің бойымен көгалшаппқышпен қозғалған кезде, оны басқара алмай қалған болса, шаппқыш оны аяқтан жығуы мүмкін.

Егер Сіз қозғалыс бағытын жүріп жатқан кезде өзгертетін болсаңыз, өте сақ болыңыз.

Еңіс жерде жұмыс істеген кезде шаппқыштың орнықтылығын байқап тұрыңыз, өте еңіс жердегі шөпті шаппаңыз.

Қауіпсіздік түсінігіне орай, құрылғымен 25° (46,6 %) жоғары болатын еңіс жерде жұмыс істеуге болмайды. **Жарақат алу қаупі бар!**

25° ылді тіктігі - 46,6 см тік өріне және 100 см көлденең ұзындығына сай келеді.



Бұйымды қолданған кезде қозғалтқыштың жеткілікті майлауына кепіл беру үшін, асып қойған кезде, аспаппен бірге жеткізілетін іштен жанатын қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы деректерге қосымша назар аударыңыз.

Жұмыстың басталуы:



Жарақат алу қаупі бар!

Айналмалы бөлшектерге қолдарыңызды немесе аяқтарыңызды тигізуге болмайды.



Көгалшаппқыш қосылмайынша, пышақты тексеруге тырыспаңыз.

Қалдықтарды лақтыруға арналған саңылаудың жаппқышын ешқашан ашпаңыз және/немесе жұмыс істеп тұрған көгалшаппқыштың шөп жинағышын алмаңыз. Айналмалы пышақ жарақаттың себепкері болуы мүмкін.

Құрылғының қолданысы жүрістің жылдамдығына негізделген - жұмыс уақытында жүгіруге болмайды. Құрылғымен бірге жылдам қозғалған кезде: сүрініп қалу, тайғанап кету және т.б. нәтижесінде жарақат алу қаупі төнеді.

Шаппқыштың бағытын өзгертіп жатқан кезде немесе оны өзіңізге қарай тартқан кезде өте абай болыңыз.

Абай болыңыз: сүрініп қалуыңыз мүмкін!

Еңістер, алқап жиектері, арықтар мен бөгеттердің жанында жұмыс істеген кезде құрылғыны абайлап пайдаланыңыз. Әсіресе мұндай қауіпті жерлерден жеткілікті қашықтықта болуын қадағалаңыз.

Қыртыстағы жасырын нысандарды (көгалда бүрку жабдығы, діңгектер, су клапандары, іргетастар, электрлік сымдар және т.б.) өткізіп жіберу керек. Мұндай бөгде заттардың үстінен ешқашан жүргізбеңіз.



STOP

Кескіш құрал ажыратылғаннан кейін толық тоқтағанға дейін біршама уақыт өтетінін естен шығармаңыз.

Төмендегі жағдайларда іштен жанатын қозғалтқышты өшіріңіз, жұмыс құралын тоқтатыңыз, от алдыру білтесі сымының штекерін тартып шығарыңыз және аккумуляторды да алып тастаңыз (**RM 545 VE** үлгісінде):

- құрылғыны қалдырған немесе ол бақылаусыз қалған жағдайда,
- бакты толтыру алдында. Іштен жанатын қозғалтқыш суығанда ғана жанармай құйыңыз.

Өрт қаупі бар!

- лақтырманың науасындағы бұғаттауды босату немесе бітелген жерлерін кетіру алдында,
- құрылғыны көтеріп алып, тасымалдау алдында,
- құрылғыны тасымалдау алдында,
- шаппқыш пышағымен жұмыс істеу алдында,
- құрылғыны тексеріп тазарту алдында немесе өзге де жұмыстарды жүргізу алдында (мысалы, бас тұтқаны жинау),
- бөгде заттар түсіп кеткен немесе көгалшаппқыш өте қатты дірілдеген жағдайда. Бұл жағдайда құрылғыда, әсіресе кескіш бөлікте (пышақ, кесетін десте, пышақтың бекіткіші)

зақымдалған жерлердің бар-жоғын тексеріңіз және құрылғыны іске қосып, оның жұмысын жалғастырмас бұрын қажетті жөндеу жұмыстарын орындаңыз.



Жарақат алу қаупі бар!

Қатты дірілдер әдетте ақаулықтың белгісі болып табылады.

Көгалшапқыштың, әсіресе, иінді білігі майысқан немесе шапқыш пышағы зақымдалған немесе майысқан болса, оны қолдануға болмайды.

Қандай да кеңестер қажет болған жағдайда, барлық қажетті жұмыстарды кәсіпқой маманға орындауға беріңіз – STIHL компаниясы STIHL делдалдарын ұсынады.

Іштен жанатын қозғалтқышты мына жағдайда сөндіріңіз,

- құрылғыны шөп алаңына және одан кері тасығанда,
- құрылғыны тақыр жерге сүйретіп әкелер алдында,
- лақтырманьң қақпағын ашу немесе шөп жинағышты алып тастау алдында,
- құрылғыны тасымалдау мақсатында аудару үшін,
- кесік биіктігін орнату алдында.

4.8 Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

Тазалау, орнату, жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын бастамас бұрын:

- Құрылғыны берік, тегіс жерге қойыңыз,
- Іштен жанатын қозғалтқышты өшіріңіз және суытыңыз,
- От алдыру білтесі сымының штекерін шығарыңыз.



Назар аударыңыз – жарақат алу қаупі бар!

От алдыру білтесі сымының штекерін от алдыру білтесінен алшақ ұстаңыз, себебі күтілмеген ұшқын өрт не ток соғуға әкелуі мүмкін. От алдыру білтесінің от алдыру білтесі сымының штекеріне абайсыз тиюі іштен жанатын қозғалтқыштың күтілмеген іске қосылуына әкелуі мүмкін.

RM 545 VE: Аккумуляторды да алып тастаңыз.



Жарақат алу қаупі бар: шабу пышағы!

Стартер арқанын созу арқылы, жұмыс құралдары айналмалы түрде қозғалатын болады. Сіз стартердің арқанын созып жатқан кезде, көгалшапқышқа қарай қашықтықтың жеткілігіне, әсіресе қол-аяғыңызға аса назар аударыңыз.

Жұмысты бастар алдында, қозғалтқыштың, дем шығаратын коллектордың және шу басқыштың аумағындағы құрылғының суығанын күтіңіз. Температурасы 80° C және одан да жоғары болуы мүмкін. **Жану қаупі бар!**

Мотор майымен тікелей жанасу қауіпті болуы мүмкін, оған қоса, мотор майын төгуге болмайды.

STIHL компаниясы мотор майын құю және мотор майын ауыстыру үшін STIHL делдалдарына жүгінуді ұсынады.

Тазалау:

Қолданып болғаннан кейін, құрылғы жақсылап тазартылуы керек. (⇒ 12.2)

Көгалшапқышты тазалауға арналған күйге орнатар алдында, жанармай бағын босатыңыз (жанармайды тауысыңыз).

Шөптің қалдығын ағаш таяқпен кетіріңіз. Шапқыштың астыңғы бөлігін қылшақпен жуыңыз.

Ешқашан жоғары қысымды тазалағышты пайдаланбаңыз және құрылғыны ағынды сумен жумаңыз (мысалы, бақшалық шлангінің көмегімен).

Агрессивті жуғыш заттарды пайдаланбаңыз. Бұлар пластиктің немесе металдың зақымдалуына әкеліп, STIHL құрылғысының қауіпсіз жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

Өрттің туындау қаупін азайту үшін, желдеткіш тесіктер, суытқыш қырлар және пайдаланылған газдарды шығаратын құбырдың жанында: шөп, сабан, мүк, құраған жапырақ және ағып кеткен майлаудың болмағанына көз жеткізіңіз.

Техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар:

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындаңыз, барлық басқа жұмыстарды делдал өткізуі тиіс.

Қажетті құралдар мен білім жетіспеген жағдайда **дереу** делдалға хабарласыңыз.

STIHL компаниясы техникалық қызмет

көрсету жөніндегі жұмыстарды және жөндеуді орындау үшін тек STIHL делдалдарына жүгінуді ұсынады. STIHL делдалдары тұрақты түрде оқытуды ұсынады және техникалық ақпаратты қамтамасыз етеді.

Аталмыш құрылғы үшін тек қана STIHL компаниясы рұқсат еткен немесе техникалық тұрғыдан бірдей құралдарды, керек-жарақтар мен аспалы жабдықтарды пайдаланыңыз, әйтпесе адамдарға зақым келтіру немесе құрылғының бұзылу қаупі туындайды. Сұрақтар болған жағдайда делдалға хабарласыңыз.

STIHL компаниясының түпнұсқа құралдары, керек-жарақтары мен қосалқы бөлшектері өз қасиеттері бойынша құрылғы үшін оңтайлы және пайдаланушының талаптарына сай келеді. STIHL түпнұсқа қосалқы бөлшектерін STIHL қосалқы бөлшек нөмірі, STIHL атауы және қажет болғанда STIHL қосалқы бөлшек коды бойынша анықтауға болады. Ұсақ бөлшектерде тек бөлшек нөмірі ғана болуы мүмкін.

Қауіпсіздік түсінігіне орай, жанармай беру жүйесімен байланысты барлық бөлшектердің (жанармай құбырлары, жанармай шүмегі, жанармай бағы, бак қысқышы, жалғағыштар) зақымдалған және тамшылайтын жерлерін үнемі тексеріп тұрып, қажет болған жағдайда, оларды ауыстыру үшін маманды шақырыңыз (STIHL компаниясы STIHL делдалдарының қызметіне жүгінуді ұсынады).

Ескерту және нұсқау жапсырмалары әрқашан таза және оқылатын күйде болуы керек. Зақымдалған немесе жоғалған жапсырмаларды STIHL делдалдарының жаңа түпнұсқа

жапсырмаларына ауыстырыңыз. Бөлшекті жаңасына ауыстырған кезде, жаңа бөлшекте дәл сондай жапсырманың бар болғанына көз жеткізіңіз.

Кескіш бөліктің жұмысын тек мықты жұмыс қолғаптарын киіп, өте сақ түрде орындаңыз.

Барлық сомындар, бұрандамалар мен бұрандалар, әсіресе пышақ бұрандасы жақсылап тартылғанын және құрылғының қауіпсіз әрі қалыпты күйінде тұрғанын байқап тұрыңыз.

Зақымдалған бөсеңдеткіштерді және қорғайтын қалқаншаларды ауыстырыңыз.

Құрал мен шөпжинағышта тозған және зақымды жерлерінің бар-жоғын әсіресе қоймаға қабылдар алдында үнемі тексеріп отырыңыз (мысалы, қысқы үзіліс кезінде). Қауіпсіздік түсінігіне орай, тозған және зақымданған бөлшектерді дереу ауыстыру керек, соның арқасында құрал қауіпсіз әрі қалыпты қолданыс жағдайында болады.

Қозғалтқыштың негізгі реттелген күйін ешқашан өзгертпеңіз және оны тым жоғары айналыстарда қолданбаңыз.

Егер техникалық қызмет көрсету кезінде қандай да бір бөліктер немесе қорғаныш құрылғылары алынып тасталса, нұсқаулықтың талабына сәйкес оларды орнына орнату қажет.

4.9 Ұзақ мерзім бойы сақтау

Шапқышты жабық үй-жайға апарар алдында, моторды суытыңыз.

Жағармай бағы босатылған шапқышты - жабылатын және жақсы желдетілетін үй-жайда сақтаңыз.

Оқымаған адамға (мысалы, балаларға) ұсақтағышпен жұмыс істеуге тыйым салынған.

Бағында бензині бар құрылғыны ғимараттың ішінде ешқашан сақтамаңыз. Пайда болатын бензин булары, жанып тұрған отпен немесе ұшқынмен түйісіп, кейін тұтанып кетуі мүмкін.

Қажет болғанда, мысалы, қыс маусымында шапқышты қолданысқа енгізер алдында жағармай багін босатыңыз, бірақ осы жұмысты тек ашық ауада жасаңыз (барлық жағармайды жұмсаңыз).

Ұзақ уақыт сақтау алдында (мысалы, қыс айларында) құрылғыны мұқият тазарту қажет.

Шапқышты сақтағанда, ондағы тұтандыру білтесінің түйіспелі ұштығын алып шығарып қойыңыз.

RM 545 VE: Аккумуляторды сақтауға қоймас бұрын алып тастаңыз және құрылғыдан ажыратулы күйде және рұқсат етілмеген пайдаланушылардан (мысалы, балалардан) алшақ қойыңыз.

Құрылғыны тек жұмысқа жарамды күйінде ғана пайдаланған жөн.

Құрылғыны бүркеп қояр алдында, оны суытыңыз.

4.10 Пайдаға асыру

Ескі май немесе жанармай сияқты қалдықтар, қолданылып болған материалдар, сүзгілер, аккумуляторлар және басқа да тез тозатын бөлшектер

адамға, жануарларға және экологияға зиян келтіруі мүмкін, сондықтан тиісті тұрпатта кәдеге жаратылуы керек.

Қалдықтарды қалайша кәсіби түрде пайдаға асыруға болатындығын білу үшін қайта өңдеу орталығыңызға немесе делдалдарға жүгінізіз. STIHL компаниясы STIHL делдалдарын ұсынады.

Ауыстырылған агрегат нұсқаулыққа сәйкес пайдаға асырылатынына көз жеткізіңіз. Пайдаға асырар алдында, агрегатты қолданысқа жарамсыз етіңіз. Жазатайым уақиғалардан қорғану мақсатында, оталдыру сымын ағытып, жағармай бағын босатып, мотор майын ағызып жіберген жөн.

Аккумулятор құрылғыдан бөлек кәдеге жаратылуы керек. Бұл аккумуляторлардың қауіпсіз және қоршаған орта үшін зиянсыз кәдеге жаратылуын қамтамасыз етеді.

Жарақат алу қаупі бар: шабу пышағы!
Ескі шабу пышағын ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Құрылғы мен әсіресе шабу пышағы балалардан алшақ жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.

5. Таңбалардың сипаттамасы



Назар аударыңыз!
Қолданар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып шығыңыз.



Жарақат алу қаупі бар!
Қауіпті аймақта адамдардың болуына тыйым салынған.



Жарақат алу қаупі бар!
Кескіш құралмен, қызмет көрсететін және тазартатын жұмыс істер алдында оталдыру білтесінің түйіспелі ұштығын суырып алыңыз.

Жарақат алу қаупі бар!
Қолыңыз бен аяғыңызды пышақтардан алшақ ұстаңыз!

Кескіш құрылғылар өшіргеннен кейін бірнеше секунд ішінде айналып тұрады (іштен жанатын қозғалтқыштың тежегіші/пышақ тежегіші).

RM 545, RM 545 T, RM 545 V, RM 545 VM, RM 545 VR:
Іштен жанатын қозғалтқышты іске қосу

RM 545, RM 545 T, RM 545 V, RM 545 VM, RM 545 VR:
Іштен жанатын қозғалтқышты тоқтату



RM 545 VE:
Аккумуляторды енгізу, іштен жанатын қозғалтқышты іске қосу

RM 545 VE:
Іштен жанатын қозғалтқышты тоқтату

RM 545 T, RM 545 V, RM 545 VE, RM 545 VM, RM 545 VR:
Қозғалғыш механизм жетегін қосу

RM 545 V, RM 545 VE, RM 545 VM, RM 545 VR:
Қозғалыс жылдамдығын орнату

Баяу – Vario жетегінің тұтқасын алға қарай басыңыз

Жылдам – Vario жетегінің тұтқасын артқа қарай тартыңыз



6. Жеткізілім жиынтығы



Поз.	Атауы	Саны
A	Негізгі құрылғы	1
B	Шөп жинағыштың төменгі жағы	1
C	Шөп жинағыштың жоғарғы жағы	1

Поз.	Атауы	Саны
D	Болт	2
E	Шоғырсымды ұстаушы (RM 545, RM 545 T)	2
F	Шоғырсымды майысудан қорғау (RM 545, RM 545 T)	1)
G	Дөңгелек жалпақ басты бұранда	2
H	Айналмалы тұтқа	2
I	Бас тұтқа төлкелері	2
J	Аккумулятор (RM 545 VE)	1
K	Зарядтағыш құрылғы (RM 545 VE)	1
–	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1
–	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық Іштен жанатын қозғалтқыш	1

7. Қолданысқа дайындау

7.1 Жалпы ережелер



Жарақат алу қаупі бар

«Қауіпсіздік шаралары» бөліміндегі қауіпсіздік техникасының нұсқауларын ұстаныңыз. (⇒ 4.)

- Барлық сипатталған жұмыстарды орындаған кезде шапқыш: жатық, тегіс және берік қабатта тұруы керек.

7.2 Бас тұтқаны монтаждау

Бас тұтқа төлкелерін бекіту:



- Бас тұтқа төлкелерін (I) бас тұтқаға (1) бекітіңіз. Төрт қырлы саңылауды бас тұтқаның ішкі жағына орналастырыңыз, бас тұтқадағы тесіктер мен бас тұтқа төлкесінің ішіндегі төрт қырлы саңылау сәйкес келуі керек.

Бос тұтқаны монтаждау:

- Бас тұтқаны (1) екі бас тұтқаның төменгі бөлігіне (2) орнатыңыз.
- Дөңгелек жалпақ басты бұрандаларды (G) тесіктер арқылы ішінен сыртқа қарай енгізіп, айналмалы тұтқалармен (H) бұрап бекітіңіз.

1 Сол жақта кабельді майысудан қорғауды монтаждау:



Кабельді майысудан қорғауды (F) суретте көрсетілгендей монтаждаңыз. Арқанды жетектерді бас тұтқаның астынан өткізу керек. Қажет болса, монтаждау алдында айналмалы тұтқаны (H) босатыңыз.

- Барлық арқанды жетектер мен кабельді шоғырсымды майысудан қорғау (F) ішіне енгізіңіз.
- Шоғырсымды майысудан қорғауды алдымен бас тұтқаның төменгі бөлігінің тесігіне (3) кигізіңіз.
- Содан кейін шоғырсымды майысудан қорғауды бас тұтқаның төменгі бөлігінің ойығына (4) өткізіңіз.

2 Оң жақта кабельді майысудан қорғауды монтаждау:



RM 545, RM 545 T:

Бас тұтқаның оң жағында арқандық жетектер өтпейді, сондықтан шоғырсымды майысудан қорғау оң жаққа түседі.

- Шоғырсымды майысудан қорғауды (F) оң жақта монтаждау дәл сол жақтағыдай ретпен орындалады.

7.3 Шоғырсымды ұстаушыны монтаждау



- Шоғырсымды ұстаушыны (E) корпустағы (1) ойықтарға салып, бас тұтқаның жоғарғы бөлігіне қарай бұраңыз.
- Барлық шоғырсымдар не арқанды жетектерді шоғырсымды ұстаушыға енгізіңіз.
- шоғырсымды ұстаушыны сәл басып екі арнайы тесікке кіргізіңіз.

7.4 Стартер арқанын бекіту және босату



RM 545 VE: Іштен жанатын қозғалтқышта стартер арқаны орнатылмаған.

- Стартер арқанын бекіту және босату алдында от алдыру білтесі сымының штекерін іштен жанатын қозғалтқыштан суырып тастаңыз – содан кейін қажет болса, қайтадан жалғаңыз.

Бекіту:

- Қозғалтқышты тоқтату тұтқасын (1) бас тұтқаға қарай басып тұрыңыз.
- Стартер арқанын (2) баяу тартып ұстаңыз. Қозғалтқышты тоқтату тұтқасын жіберіңіз.
- Стартер арқанын (2) жетек арқанының бағыттаушына (3) іліп қойыңыз.

Босату:

- Стартер арқанын (2) жетек арқанының бағыттаушынан (3) босатып, баяу артқа тартыңыз.

7.5 Шөп жинағышты монтаждау



- Шөп жинағыштың жоғарғы жағын (C) шөп жинағыштың төменгі жағына (B) іліңіз.
- Болттарды (D) қарастырылған тесіктер арқылы ішінен итеріңіз.
- Шөп жинағыштың жоғарғы жағын сәл басу арқылы шөп жинағыштың төменгі жағындағы ойығына кіргізіңіз.
- Шөп жинағышты іліңіз. (⇒ 8.8)

7.6 Жанармай және мотор майы



Шапқышты бүлдіріп алмас үшін!

Алғашқы іске қосудан бұрын мотор майын құю керек. Мотор майын немесе жағармай құю кезінде қосымша көмекші керек-жарақтар қолдану керек (мысалы, шұңғыманы).

Мотор майы:

Қолданылатын мотор майы мен толтырылатын майдың көлемі туралы қосымша мәліметті қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан табуға болады. Майдың деңгейін үнемі тексеріп тұрыңыз (қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз). Майды бақылау белгісінен асырып немесе одан аз құймаған жөн. Бензинді қозғалтқышты іске қосудан бұрын май багінің құлпын шегіне жеткенше дейін бұрап тастау керек.

Жанармай:

Біздің ұсынатынымыз: жаңа таңбалы жанармай, этилденбеген бензин. Жағармай сапасы жөніндегі нұсқауларды (октандық сан) қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.



8. Басқару элементтері

8.1 Жалпы ережелер



Жарақат алу қаупі бар

«Қауіпсіздік шаралары» бөліміндегі қауіпсіздік техникасының нұсқауларын ұстаныңыз. (⇒ 4.)

- Барлық сипатталған жұмыстарды орындаған кезде шапқыш: жатық, тегіс және берік қабатта тұруы керек.

8.2 Бас тұтқадағы жетектер



- 1 **Қозғалтқышты тоқтату тұтқасы**
- 2 **Қозғалғыш механизм жетегінің тұтқасы**
(RM 545 T, RM 545 V, RM 545 VE, RM 545 VM, RM 545 VR)
- 3 **Vario жетегінің иіңтірегі**
(RM 545 V, RM 545 VE, RM 545 VM, RM 545 VR)
- 4 **Іске қосу түймесі**
(RM 545 VE)

8.3 Бас тұтқаны жинау



Қысылу қаупі бар!

Айналмалы тұтқаны босату арқылы бас тұтқаның жоғарғы бөлігін жинауға болады. Сондықтан айналмалы тұтқаны бұрап шығарғанда, бас тұтқаның жоғарғы бөлігін бір қолмен ең жоғарғы нүктеде ұстаңыз.

- Стартер арқанын іліп қойыңыз. (⇒ 7.4)

Тасымалдау күйі – шағын түрде тасымалдау және сақтау үшін:

- Айналмалы тұтқаны (1) еркін айналмағанша бұрап босатыңыз. Айналмалы тұтқалардың еркін айналуына сіз өзіңіз бұрап кіргізген бұрандалар кедергі жасайды (өздігінен бұрап босатылудан қорғау).
- Бас тұтқаның жоғарғы бөлігін (2) жинап, құрылғы үстіне қойыңыз.

Жұмыс күйі – құрылғымен жұмыс істеу үшін:

- Бас тұтқаның жоғарғы бөлігін (2) артқа аударыңыз және бір қолмен ұстап тұрыңыз.
- Айналымалы тұтқаларды (1) бұрап бекітіңіз.

8.4 Биіктікті реттеу тұтқасы

Бас тұтқаны (1) **3** позицияда бекітуге болады:



- I төменгі
- II орташа
- III жоғарғы

- Бас тұтқаның биіктігін реттеу айналымалы тұтқасын (2) сағат бағытына қарсы (шамамен 5 рет) бұрау арқылы босатыңыз.
- Бас тұтқаны (1) екі қолмен ұстап, жоғары-төмен қозғалыстармен қажетті күйге орнатыңыз. Бас тұтқаны сол жақта және оң жақта орнату бірдей болуына көз жеткізіңіз.
- Бас тұтқаның биіктігін реттеу айналымалы тұтқасын (2) сағат бағытымен қайта бұрап бекітіңіз.

8.5 Орталық кесік биіктігін орнату

RM 54S, RM 54S T, RM 54S V, RM 54S VE, RM 54S VM:

7 кесік биіктігін реттеуге болады.

1-деңгей: **25 мм**

7-деңгей: **80 мм**

RM 54S VR:

6 кесік биіктігін реттеуге болады.

1-деңгей: **20 мм**



6-деңгей: **75 мм**

- Кесу биіктігін реттеу иіңтірегі (1) құрылғының сол жағында орналасқан (суретті қараңыз).
- Құрылғыны тұтқасынан (2) ұстап, бұғаттау механизмі босатылуы үшін реттеу иіңтірегін (1) жоғары қарай тартып тұрыңыз. Құрылғыны жоғары немесе төмен қарай қозғалту арқылы қалаулы кесік биіктігін орнатыңыз.
- Бұл көрсеткіштер кесік биіктігінің индикаторында (3) көрсетіледі.
- Реттеу иіңтірегін (1) қайта босатып, кесу биіктігін реттеу құралын енгізіңіз.

8.6 Аккумулятор және зарядтағыш құрылғы (RM 54S VE)



Көгалшапқыш **RM 54S VE** электрлік стартермен жабдықталған. Стартер батареясы ретінде литий-ионды аккумулятор қызмет етеді. Аккумуляторлар мен зарядтағыш құрылғылардың қолданылуы іштен жанатын қозғалтқышпен бірге берілген пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған.



Аккумуляторды тек бірге жеткізілген зарядтағыш құрылғымен зарядтау керек, көгалшапқышты қолданған кезде аккумуляторды зарядтауға болмайды. Зарядтау күйін бақылау үшін, аккумулятордағы түймені (2) басыңыз.

Алғаш рет іске қосу:

- Аккумулятордағы қорғаныс жапсырмасын (1) алып тастаңыз.

- Зарядтағыш құрылғыны (K) ток желісіне жалғаңыз және аккумуляторды (J) шамамен 10 секунд ішінде зарядтаңыз. Осылайша ұйқы режимі (жеткізілімдегі күй) өшіріледі және аккумулятор іске қосылады. Содан кейін аккумуляторды толығымен зарядтаңыз.

Аккумуляторды алып тастау және орнату:

- Аккумуляторды (J) бүйірінен оңға қарай іштен жанатын қозғалтқыштан алып тастаңыз және кері бағытпен қайта орнатыңыз.

8.7 Шөпжинағышты толтыру индикаторы



Пышақтан пайда болған ауа ағыны шөпжинағышты толтыру индикаторын (1) көтереді. Шөп жинағыш толы болса, ауа ағыны тоқтап қалады. Ауа ағыны тым аз болса, шөпжинағышты толтыру индикаторы (1) қозғалыссыз күйге қайтып оралады. Бұл шөп жинағышты босатуға нұсқау болып табылады.

Шөпжинағышты толтыру индикаторының ақаусыз жұмысы тек оңтайлы ауа ағынында қамтамасыз етіледі. Ылғалды, тығыз немесе биік шөп, төмен кесік деңгейлері, ластану немесе т.с.с. басқа әсерлер ауа ағынына және шөпжинағышты толтыру индикаторының жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

A Шөп жинағыш толтырылды

B Шөп жинағыш толтырылуда:

- Толған шөп жинағышты босатыңыз (⇒ 11.4).

8.8 Шөп жинағышты орнату және алу



Жабындау жабдығы бар құрылғыларда шөп жинағышты орнату алдында топырақ бетін жабу жабындарының тобын лақтырманың науасынан шығарып алыңыз. (⇒ 10.3)

Ілу:

- Лақтырманың қақпағын (1) ашып, ұстап тұрыңыз.
- Шөп жинағыш (2) ойықтармен (3) құрылғыдағы саңылауға (4) енгізіледі.
- Лақтырманың қақпағын (1) қайтадан қолмен жабыңыз.

Босату:

- Лақтырманың қақпағын (1) ашып, ұстап тұрыңыз.
- Шөп жинағышты (2) жоғары көтеріп, саңылаудан (4) шығарып алыңыз.
- Лақтырманың қақпағын (1) қайтадан қолмен жабыңыз.

9. Сақтандырғыш құрылғылар

Қауіпсіз түрде пайдалану және мақсатынан тыс қолданудан қорғану мақсатында, құрылғы бірнеше сақтандырғыш құрылғымен жабдықталған.



Жарақат алу қаупі бар!

Егер сақтандырғыш құрылғыда ақау табылса, құрылғыны пайдалануға болмайды. Делдалға жүгінізіз, STIHL компаниясы STIHL делдалдарын ұсынады.

9.1 Қорғаныс құрылғылары

Көгалшапқыш - шапқыш пышақ пен лақтырылатын орылған шөптің арасындағы кездейсоқ байланысты болдыртпайтын қорғаныс құрылғыларымен жабдықталған. Оларға: корпус, түсіріп тастауға арналған жапқыш, орылған шөптің шөпжинағышы және дұрыс құрастырылған тұтқа.

9.2 Қозғалтқышты тоқтату тұтқасы



Көгалшапқыш қозғалтқышты тоқтату құрылғысымен жабдықталған.

Жұмыс барысында қозғалтқышты тоқтату тұтқасын (1) жібергеннен кейін іштен жанатын қозғалтқыш сөнеді. Іштен жанатын қозғалтқыш және пышақ 3 секунд ішінде тоқтатылған күйге ауысады.



Жарақат алу қаупі бар!

Пышақтың бос жүріс уақыты үлкенірек болса, құрылғыны бұдан былай пайдалануға болмайды және делдалға апару керек.

Бос жүріс уақытын өлшеу

Іштен жанатын қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін пышақ айналып, ауа ағынының шуы естіледі. Бос жүріс

уақыты іштен жанатын қозғалтқышты тоқтату құрылғысы тоқтатылғаннан кейін ауа ағыны шуының ұзақтығына сәйкес келеді, оны секундомермен өлшеуге болады.

10. Жұмыс нұсқаулары

Көгалдың беті мына жағдайда көрікті болады,

- ол төмен жылдамдықта шабылатын болса.
- оны жиі шабады және шөптің қайта өсуіне жол бермейді.
- құрғақ әрі ыстық климатта көгалды өте қысқа етіп шаппаса, себебі ол құрап қалып, тартымсыз болып кетеді.
- өткір шапқыш пышақпен орған кезде - сондықтан пышақты үнемі қайрап тұрған жөн (делдалдарға жүгінізіз).
- кесу бағыты үнемі өзгеріп тұрса.

10.1 Пайдаланушының жұмыс аймағы



- Жұмысты бастаған және іштен жанатын қозғалтқыш іске қосылған жағдайда қауіпсіздік түсінігіне орай, пайдаланушы әрдайым бас тұтқаның артында тұруы керек. Жұмыс істеп тұрған шапқыштан өркез қауіпсіз қашықтықта тұрыңыз.
- Көгалшапқышқа тек бір адам қызмет көрсете алады, бөгде адамдар қауіпті аймақтан тыс болуы керек. (⇒ 4.)

10.2 Ролигі бар көгалшапқыш



RM 545 VR үлгісі артқы осьтегі екі бөліктен тұратын жетек ролигімен жабдықталған.

Бұл көгалдың немесе өсімдіктердің жиегімен дәл шабуға мүмкіндік береді. Бұған қоса, шөп қозғалу бағытымен басылып, көгалда әдеттегі суретті жасайды.

10.3 Жабындау



RM 545 VM көп функциялы шапқышы арнайы көп функциялы пышақпен және алдын ала орнатылған топырақ бетін жабу жабындарының тобымен жабдықталған.



Жарақат алу қаупі бар!

Топырақ бетін жабу жабындарының тобында барлық жұмыстарын орындаудан бұрын іштен жанатын қозғалтқышты тоқтатып, от алдыру білмесі сымының штекерін ажыратыңыз.

Топырақ бетін жабу жабындарының тобын пайдалану

Құрылғыны топырақ бетін жабу жабындарына арналған шапқыш ретінде пайдалану үшін, топырақ бетін жабу жабындарының тобы (1) орнатылуы тиіс:

- Лақтырманың қақпағын ашып, ұстап тұрыңыз.
- Топырақ бетін жабу жабындарының тобын (1) түсіріп тастауға арналған арнаға салыңыз және үстінен баса отырып, екі бекіткіш қапсырмамен (2) корпусқа бекітіп қойыңыз.
- Лақтырманың қақпағын жабыңыз.

Топырақ бетін жабу жабындарының тобын алу

Құрылғыны артқы жүк түсіруі бар шапқыш немесе шөп жинағыш (арнайы шөп жинағышпен) ретінде пайдалану үшін топырақ бетін жабу жабындарының тобын (1) құрылғыдан шығарып алу керек:

- Лақтырманың қақпағын ашып, ұстап тұрыңыз.
- Бұғаттау ілмегін (4) көтеріңіз және топырақ бетін жабу жабындарының тобын (1) еңіспен лақтырманың науасынан жоғары қарай тартып шығарыңыз.
- Лақтырманың қақпағын жабыңыз (артқы жүк түсіруі бар шапқыш) немесе шөп жинағышты іліп, лақтырманың қақпағын жабыңыз (шөпжинағыш).

10.4 Жабындау қалай жүзеге асырылады?

Жабындау үшін кесік биіктігі **4 және 7** арасында таңдалуы тиіс, өйткені осы кесік биіктігін орнатқанда шөпті жақсырақ кесуге болады.

Кесік биіктігі тым төмен болғанда көгалшапқыш корпусы бітелуі, содан кейін көгалшапқыштың жүзі бұғатталуы мүмкін.

Жабындау үшін жұмыс жылдамдығын және кесік биіктігін көп функциялы пышақ әдемі кесу үшін қырқылатын шөпті оңтайлы ұсақтай алатындай таңдау керек.

Шөп биік болғанда, бірнеше жүрістен өту керек және жоғарырақ кесік биіктігінің реттеулерімен өңдеу керек.

Шөп тым биік және ылғалды болғанда жабындамаған жөн.

11. Қолданысқа енгізу

11.1 Іштен жанатын қозғалтқышты іске қосу



Құрылғының зақымдалуына жол бермеңіз!

Іштен жанатын қозғалтқышты биік шөпте іске қосуға болмайды. Іске қосылу әрекеті күрделі болғанда жоғарырақ кесу биіктігін орнату параметрін таңдаңыз.



Іске қосылғаннан кейін іштен жанатын қозғалтқыш тұрақты газдың орнатылғанына байланысты жұмысқа арналған оңтайлы айналу жиілігімен ерқашан жұмыс істей береді.

- Май күйін және жанармай күйін тексеріңіз. (⇒ 7.6)

RM 545, RM 545 T, RM 545 V, RM 545 VM, RM 545 VR:



- **1** Қозғалтқышты тоқтату тұтқасын (1) бас тұтқаға қарай басып тұрыңыз.
- **2** Стартер арқанын (2) қысылуға қарсылық туындағанша баяу тартыңыз. Созылып тұрған қолдың ұзындығындай қарқынды және шапшаң түрде тартыңыз. Стартер арқаны (2) кері қайтарылуы үшін оны ақырын қайтадан артқа қайтарыңыз.
- Осы процесті іштен жанатын қозғалтқыш іске қосылмайынша қайталай беріңіз.

RM 545 VE:

- Аккумуляторды бақылау:
Зарядтау деңгейін тексеріңіз
және қажет болса, аккумуляторды
зарядтаңыз. (⇒ 8.6)
- **1** Аккумуляторды (3) салыңыз.
- **2** Қозғалтқышты тоқтату
тұтқасын (1) бас тұтқаға қарай басып
тұрыңыз.
- **3** Іске қосу түймесін (4) басыңыз –
ең көбі 5 секунд ішінде, содан кейін
қайтадан жіберіңіз. Егер іштен
жанатын қозғалтқыш іске қосылмаса,
келесі іске қосу алдында 1 минуттық
үзіліс жасаңыз. Іштен жанатын
қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда
қайта іске қосуға тыйым салынады.



11.2 Іштен жанатын қозғалтқышты сөндіру



- Іштен жанатын қозғалтқышты
тоқтату үшін қозғалтқышты тоқтату
тұтқасын (1) жіберіңіз.
Аз уақыттан соң іштен жанатын
қозғалтқыш пен шапқыш пышағы
тоқтап қалады.
- **RM 545 VE:** Құрылғыны бақылаусыз
қалдырған кезде, аккумуляторды
алып тастаңыз және құрылғыдан
ажыратулы күйде және рұқсат
етілмеген пайдаланушылардан
(мысалы, балалардан) алшақ сақтап
қойыңыз.

11.3 Қозғалғыш механизм жетегі



Көгалшапқыштың **RM 545 T,**
RM 545 V, RM 545 VE, RM 545 VM,
RM 545 VR үлгілері қозғалғыш
механизм жетегімен жабдықталған.

RM 545 T:

Алға қозғалу жылдамдығы (кіріс беріліс
қорабы)

3,6 км/сағ

RM 545 V, RM 545 VE, RM 545 VM, RM 545 VR:

Алға қозғалу жылдамдығын қозғалу
барысында біркелкі реттеу (Vario
беріліс қорабы)

2,2 км/сағ – 3,8 км/сағ

RM 545 VR: 2,4 км/сағ – 4,0 км/сағ

Қозғалғыш механизм жетегін қосу:

- Іштен жанатын қозғалтқышты іске
қосыңыз. (⇒ 11.1)
- Қозғалғыш механизм жетегінің
тұтқасын (1) бас тұтқаға қысып, ұстап
тұрыңыз.
Қозғалғыш механизм жетегі іске
қосылады және көгалшапқыш алға
қарай қозғалады.



Құрылғының зақымдалуына жол бермеңіз!

Беріліс қорабының жанама
зақымдалуына жол бермеу үшін,
қозғалғыш механизм жетегінің
тұтқасын әрдайым толығымен
итеру керек (тірелгенше).

Қозғалғыс жылдамдығын орнату
(**RM 545 V, RM 545 VE, RM 545 VM,**
RM 545 VR):



Құрылғының зақымдалуына жол бермеңіз!

Vario жетегінің тұтқасын (2) іштен
жанатын қозғалтқыш жұмыс істеп
тұрғанда ғана басқарыңыз.

- Қозғалғыс жылдамдығын
көтеру:
Vario жетегінің тұтқасын (2)
қозғалғыс барысында артқа
тартыңыз.



- Қозғалғыс жылдамдығын
төмендету:
Vario жетегінің тұтқасын (2)
қозғалғыс барысында алға басыңыз.



Қозғалғыш механизм жетегін сөндіру:

- Қозғалғыш механизм жетегінің
тұтқасын (1) жіберіңіз. Қозғалғыш
механизм жетегі сөнеді де,
көгалшапқыш тоқтайды. Іштен
жанатын қозғалтқыш өз жұмысын
жалғастыра береді.

11.4 Шөп жинағышты босату



Жарақат алу қаупі бар!

Шөп жинағышты ажырату
алдында, әрқашан іштен
жанатын қозғалтқышты
тоқтатыңыз және шапқыш
пышағын ажыратып, қызметсіз
күйге өтпегенше күтіңіз.



Толығымен толтырылған шөп
жинағыштың салмағы ең көбі
16 кг болуы мүмкін.

- Шөп жинағышты бекітіңіз және босатыңыз. (⇒ 8.8)
- Шөп жинағышты бекітетін цупферде (1) ашыңыз. Шөп жинағыштың жоғарғы жағын (2) ашып ұстап тұрыңыз. Шөп жинағышты артқа қарай қайырып, кесілген материалды босатыңыз. Шөп жинағышты тұтқалар (3, 4) арқылы шөп жинағыштың жоғарғы мен төменгі жағынан жақсылап ұстауға және оңай босатуға болады.
- Шөп жинағышты жабыңыз.
- Шөп жинағышты іліңіз. (⇒ 8.8)

12. Техникалық қызмет көрсету

12.1 Жалпы ережелер



Жарақат алу қаупі бар!
«Қауіпсіздік шаралары» (⇒ 4.) бөліміндегі қауіпсіздік техникасының нұсқауларын ұстаныңыз.

Делдалдардың тарапынан жыл сайынғы техникалық қызмет көрсету:

Көгалшапқыш жыл сайын делдалға апарылып тексерілуі тиіс. STIHL компаниясы STIHL делдалдарын ұсынады.

12.2 Құрылғыны тазалау

Техникалық қызмет көрсету аралығы:

Әр қолданған соң

Жақсы күту құрылғыны зақымдалудан қорғайды және оның пайдалану мерзімін ұзартады.



Жарақат алу қаупі бар!

Іштен жанатын қозғалтқышты тоқтатыңыз, от алдыру білтесі сымының штекерін тартып шығарыңыз, аккумуляторды шығарыңыз (**RM 545 VE** үлгісінде) және құрылғыны салқындатыңыз. Құрылғыны тазалау позициясына орнатар алдында, жанармай бағын босатыңыз (отынды тауысыңыз). Құрылғы тек ашық лақтырманың қақпағымен тазалау күйінде тұрады.

- Кесудің ең жоғары сатысын таңдаңыз. (⇒ 8.5)
- Шөп жинағышты ажыратыңыз. (⇒ 8.8)
- Бас тұтқаның жоғарғы бөлігін (1) артқа қарай түсіріңіз.
- Лақтырманың қақпағын (2) ашып, ұстап тұрыңыз.
- Құрылғыны тасымалдау тұтқасынан (3) алдыңғы жағына көтеріңіз және суретте көрсетілгендей тазалау күйіне орнатыңыз.



Тазалау жөніндегі нұсқаулар:

- Кірді судың аз мөлшерімен, қылшақпен немесе шүберекпен кетіріңіз. Әсіресе шапқыш пышақты тазалаңыз. Ешқашан суды іштен жанатын қозғалтқыштың бөліктеріне, тығыздатқыштар мен мойынтіректі орнатқан жерлерге бағыттамаңыз.
- Шөптің қалдығын алдымен ағаш таяқпен кетіріңіз.
- Қажет болса, арнайы тазартқышты қолданыңыз (мысалы, STIHL арнайы тазартқышы).

12.3 Пышақ тозуын тексеру

Техникалық қызмет көрсету аралығы:

Әр қолдану алдында



Жарақат алу қаупі бар!

Пышақты пайдалану орнына және уақытына байланысты ауыстыру керек. Егер құрылғыны құмды жерде және көбінесе құрғақ жағдайларда пайдалансаңыз, пышақ уақыт өте келе нашар жұмыс істейтін болады және әдеттегіден тезірек тозады. Жұқарып кеткен пышақ бөлініп кетіп, ауыр жарақат алуға себеп болуы мүмкін. Сондықтан пышақты пайдалану жөніндегі нұсқауларды әркез ұстанған жөн.

- Көгалшапқышты тазалау позициясына келтіріңіз. (⇒ 12.2)
- Пышақты (1) тазалаңыз.
- Пышақ күшін **A** ең кемі 5 орыннан жылжымалы калибрдің көмегімен тексеріңіз. Атап айтқанда, минималды күші пышақ қалағының аймағында болуы керек.



- **Стандартты пышақ:**
Сызғышты (2) суретте көрсетілгендей пышақтың тиісті жиегі бойынша қойыңыз және **B** кері қайрау деңгейін өлшеңіз.

- **Көп функционалды пышақ (RM 545 VM):**
Минималды енін **C** штангенциркуль көмегімен пышақ қалақтарының артындағы ең жіңішке жерде тексеріңіз.

Пышақты келесі жағдайларда ауыстыру қажет,

- ол зақымдалған кезде (жарықтар, сызаттар),
- өлшем деректеріне бір не бірнеше жерде жеткен кезде немесе рұқсатты деңгейден асқан жағдайда.

1 Стандартты пышақтың тозу шектері:

Пышақ қалыңдығы **A**: > 2 мм

Кері қайрау деңгейі **B**: < 5 мм

2 Көп функциялы пышақтың тозу шектері (RM 545 VM):

Пышақ қалыңдығы **A**: > 2 мм

Минималды ені **C**: > 55 мм

12.4 Пышақты алу және орнату

Бөлшектеу:

- Сәйкес келетін ағаш қырлы бөрене (1, шамамен 60x60 мм) пышақты (2) бекіту үшін қолданылады.
- Пышақ бұрандамасын (3) SW 17 гайка кілтінің көмегімен бұрап шығарыңыз.



- Пышақты (2), пышақ бұрандамасын (3) және сақтандырғыш дискіні (4) шешіңіз.

Монтаждау:



Жарақат алу қаупі бар!

Пышақты (2) тек суретке сәйкес монтаждау керек. Тік пышақ қалақтары жоғары қарай қарап тұруы керек.

Пышақ бұрандамасының бұралу моменті көрсетілген мәнімен бірдей болуы керек, себебі кескіш құралдың бекіту беріктігі осыған байланысты болады. Пышақ бұрандамаларын (3) **Loctite 243** көмегімен бекітіңіз.

Сақтандырғыш дискіні (4) пышақты әр орнатқан сайын, ал пышақ бұрандамасын (3) пышақты әр ауыстырған сайын ауыстырыңыз.

- Пышаққа тиіп тұратын бетті және пышақтың жалғастырғышын тазалаңыз.
- Пышақтың балансын тексеріңіз. (⇒ 12.5)
- Пышақты (2) жоғары бүгілген қалақтар жоғары (құрылғыға бағытталып) қарап тұратындай етіп монтаждаңыз.
- Сәйкес келетін ағаш қырлы бөрене (1, шамамен 60x60 мм) пышақты (2) бекіту үшін қолданылады.
- Пышақ бұрандамасын (3) жаңа қысқыш шайбамен (4) бұрап бекітіңіз. Бұрау моменті: **60 - 65 Нм**

12.5 Пышақтың балансын тексеру



- Пышақты бөлшектеңіз. (⇒ 12.4)
- Бұраушы (1) пышақтың (3) ортаңғы тесігі (2) арқылы бағыттап, пышақты көлденең бағыттаңыз. Егер пышақ дұрыс теңдестірілсе, онда ол көлденең күйде қалады.
- Егер пышақ бір жаққа қарай қисаятын болса, оның тепе-теңдігі орнағанға дейін қайраңыз. (⇒ 12.6)

12.6 Шапқыш пышағын қайрау

STIHL шапқыш пышақтарын қайрауды техник мамандарға тапсыруды ұсынады. Пышақтар дұрыс қайралмаған кезде (қайрау бұрышы дұрыс емес, теңсіздік және т.б.) құрылғының жұмысы нашарлайды.

Қайрау бойынша нұсқаулық:

- Шапқыш пышағын бөлшектеңіз (⇒ 12.4).
- Шапқыш пышағын қайраған кезде, мысалы, сумен салқындату қажет. Көк түс пайда болмауы керек, әйтпесе жарамдылық мерзімі қысқара түседі.
- Теңгерімсіздік тудырған дірілдерді болдырмау үшін пышақты біркелкі қайраңыз.
- Қайрау бұрышын 30° етіп сақтаңыз.
- Қайрағаннан кейін кескіш жиегіндегі үгінділерді ұсақ бүдірлі ысқыш қағазбен тазартыңыз.
- Тозудың шектерін сақтаңыз. (⇒ 12.3)

12.7 Қозғалғыш механизм жетегінің арқанын орнату



Техникалық қызмет көрсету аралығы: Қажетінше

Жетек арқанының керілісі зауытта орнатылады.

Жетек арқанын төмендегі жағдайларда реттеу керек:

- ұзақ мерзімді қолданудан кейін қозғалғыш механизм жетегінің тұтқасын басқанда қозғалғыш механизм жетегі дұрыс орнатылмағанда.
- қозғалғыш механизм жетегі үздіксіз қосылған кезде. – Бұл қозғалғыш механизм жетегінің тұтқасы іске қосылмаса да, стартер арқанын қозғалысқа тарту кезінде көгалшапқыштың қалаусыз орнатылуын білдіреді.



Жарақат алу қаупі бар!

Қозғалғыш механизм жетегінің арқаны құрылғымен өңделген кезде тиісінше орнатылуы тиіс. Қажет болса, делдалға хабарласыңыз. STIHL компаниясы STIHL делдалдарын ұсынады.

Жетек арқанының керілісін бақылау:

- Қозғалғыш механизм жетегінің тұтқасын іске қосып, бір уақытта көгалшапқышты артқа тартыңыз. Иінтірек айналымының шамамен үштен бір бөлігінен кейін жетек дөңгелектері бұғатталуы керек.

Жетек арқанын орнату:

- Бас тұтқаның жоғарғы бөлігінің сол жағындағы реттеу бұрандасын (1) «+» бағытымен айналдыру арқылы жетек арқанының кернеуі көтеріледі, ал «-» бағытымен айналдыру арқылы төмендейді.

12.8 Іштен жанатын қозғалтқыш

Техникалық қызмет көрсету мерзімділігі:

іштен жанатын қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.

Жалпы нұсқаулар:

Іштен жанатын қозғалтқышты пайдалану жөніндегі кез келген нұсқаулықтан Сіз таба алатын пайдалану және қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын сақтаңыз.

Ұзақ пайдалану мерзімі үшін майдың үнемі жеткілікті деңгейі, майдың және ауа сүзгілерінің үнемі ауыстырылуы өте маңызды болып табылады.

Майды ауыстыру аралығы, сондай ақ мотор майы және майды толтыру мөлшері жайлы ақпаратты Сіз іштен жанатын қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан іздеп таба аласыз.

Суытқыш қабырғалар үнемі таза тұруы керек, себебі тек сонда ғана қозғалтқыштың жеткілікті түрде суытылуы қамтамасыз етіледі.

12.9 Аккумуляторға және зарядтағыш құрылғыға техникалық қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсету аралығы:

іштен жанатын қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.

12.10 Дөңгелектер мен беріліс қорабы

Дөңгелектердің иінтіректері қызмет көрсетуді талап етпейді.

Беріліс қорабы қызмет көрсетуді талап етпейді.

12.11 Роликке техникалық қызмет көрсету



Жетек шынжыры жүйелі түрде майлануы тиіс, мойынтіректер мен роликтер техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді.

Техникалық қызмет көрсету аралығы: жыл сайын бір рет немесе қажетінше

- Қызмет көрсету мақсатымен бұранданы (1, Тогх 25) босатып, қақпақты (2) алып тастаңыз.
- Жетек шынжырын стандартты маймен майлаңыз.

12.12 Сақтау және қолданыстан шығару (қысқы қаңтарылу кезеңінде)

Көгалшапқышты құрғақ, жабық әрі шаңсыз жерде сақтаңыз. Үй-жай балалардан алшақ екеніне көз жеткізіңіз.

Ықтимал ақауларды қоймаға орналасқанға дейін жою қажет. Құрылғы техникалық жарамды және қауіпсіз күйде болуға тиіс.

Тұмшалау алдында жанармай багі мен карбюраторды босату қажет (мысалы, босату үшін жүргізу арқылы).

Ұзақ мерзімге қолданыстан шығарған кезде (қысқы айлар) келесі сәтке назар аудару қажет:

- Құрылғының барлық сыртқы бөлшектерін дұрыстап тазалап шығыңыз.
- Барлық қозғалмалы бөлшектерді жақсылап майлаңыз.
- Оталдыру білтені бұрап алып шығыңыз (қозғалтқышты қолдану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз) және оталдыру білтесіне арналған саңылау арқылы қозғалтқышқа шамамен мотор майының 3 см³ құйыңыз. Қозғалтқышты оталдыру білтесінсіз-ақ бірнеше рет айналдырып көріңіз (стартердің арқанын тартып).



Өрттің туындау қаупі бар!

Тұтандыру білтесінің түйіспелі ұштығын ұяшықтан алшақ ұстаңыз, себебі оның жану қаупі бар.

- Оталдыру білтесін қайтадан орнына бұрып қойыңыз (қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз).
- Майды ауыстырыңыз (қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз).

RM 545 VE:

- Аккумуляторды алып тастаңыз және құрылғыдан ажыратулы күйде рұқсат етілмеген адамдардан алшақ, құрғақ, шаң мен мұз жоқ бөлмеге сақтауға қойыңыз.
- Аккумуляторды маусым басында толығымен зарядтаңыз. (⇒ 8.6)

13. Тасымалдау

13.1 Тасымалдау



Жарақат алу қаупі бар!

Тасымалдау алдында «Қауіпсіздік шаралары» бөлімін оқып алыңыз. (⇒ 4.)

Тасымалдау барысында тиісті қорғаныс бұйымдарын (қорғаныс аяқ киімі, тығыз қолғап) киіңіз. Тасымалдау кезінде от алдыру білтесі сымының штекерін міндетті түрде тартып шығару керек. Қауіпсіздік түсінігіне байланысты, STIHL компаниясы құрылғыны тек екі адамның көмегімен тасуды ұсынады. Көтеруден бұрын құрылғының салмағын «Техникалық деректер» тарауынан тексеріңіз.

Құрылғыны тасымалдау:



- Құрылғыны тек тасымалдау тұтқасынан (1) және бас тұтқасынан (2) ұстап көтеру керек. Шапқыш пышағы мен дененің арасындағы, әсіресе, аяқтар мен табан арасындағы қашықтықты қатаң қадағалаңыз.

Құрылғыны бекіту:



- Құрылғыны арнайы бекіту құралдарының көмегімен жүк тиеу алаңында нығайтыңыз және тек қана 4 дөңгелекке тұрғызып тасымалдаңыз.
- Арқандар мен қайыстарды бас тұтқаның төменгі бөлігіне (3) бекітіңіз.

14. Қоршаған ортаны қорғау



Шабылған шөпті қоқыс ретінде лақтыруға болмайды, оны компостирлеу керек.

Қаптамасы, құралдың өзі және керек-жарақтар, кедеге

жаратылатын материалдардан өндіріліп, тиісті тұрпатта кедеге жаратылуы қажет.

Материалдың қалдықтарын бөлшектеп, экологиялық рұқсат етілген түрде пайдаға асырғанның арқасында, осы үшін жарамды қалдықтарды көп рет қолдануға мүмкін болады. Осы себеппен, әдеттегі қызмет ету мерзімі өткеннен кейін, құрал, өңделгеннен кейін қайтара қолданыла алатын қалдықтардың жиналатын орнына жіберіледі. Пайдаға асырған кезде «Пайдаға асыру» бөлімінің нұсқауларын ұстаныңыз. (⇒ 4.10)

Өзіңіздің пайдаға асыратын орталыққа немесе қалдықтарды қалайша кәсіби түрде пайдаға асыруға болатындығын білу үшін делдалдарға жүгініңіз.



Аккумуляторлар сияқты қоқыстарды әрдайым дұрыс кедеге жаратыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз.

Аккумуляторды тұрмыстық қоқысқа лақтырмаңыз, делдалға немесе қауіпті қоқыстарды жинау орнына апарыңыз.

- Аккумуляторды алып тастаңыз (⇒ 8.6) және көгалшапқыштан ажыратулы күйінде кедеге жаратыңыз.

15. Тозу дәрежесін барынша азайту және зақымдардан қорғау

Техникалық қызмет көрсету туралы маңызды ақпарат

Бензинді көгалшапқыш (STIHL RM)

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын сақтамау нәтижесінде, әсіресе қолдану мен қызмет көрсету қауіпсіздігіне немесе рұқсат етілмеген құрамдас бөліктерді немесе қосалқы бөлшектерді қолдану нәтижесінде пайда болған кез келген материалдық залал немесе жарақаттану үшін STIHL компаниясы жауапкершілік тартпайды.

STIHL құрылғысының зақымдарын немесе шамадан тыс тозуын болдырмау үшін міндетті түрде мына маңызды нұсқауларды орындаңыз:

1. Тозатын бөлшектер

STIHL құрылғысының кейбір бөлшектері мақсатына сай пайдаланылған кезде де қалыпты тозуға тап болады және оларды пайдалану түрі мен ұзақтығына қарай уақыт өте келе ауыстыру керек.

Оларға мыналар жатады:

- Шапқыш пышағы немесе көп функциялы пышақ
- Шөп жинағыш
- Сына тәрізді белдік (RM 545 T, RM 545 V, RM 545 VE, RM 545 VM, RM 545 VR)
- Қапталдың қорғаныс белдемелері
- Аккумулятор (RM 545 VE)
- Жетек шынжыры (RM 545 VR)

2. Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын орындау

STIHL құрылғысын пайдалану, сақтау және оған техникалық қызмет көрсету жұмыстарын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сай мұқият өткізу керек. Қауіпсіздік, пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқауларын сақтамаудан пайда болған бүкіл шығындар үшін пайдаланушының өзі ғана жауапты болады.

Атап айтқанда, бұл мыналарға қатысты:

- өнімге STIHL компаниясы рұқсат етпеген өзгерістер енгізу.
- STIHL компаниясы тарапынан рұқсат етілмеген өндірістік материалдарды қолдану (майлау материалдары, бензин және мотор майы, іштен жанатын қозғалтқыш өндірушісінің мәліметтерін қараңыз).

- сапасы төмен, қабылдарлық емес, құрылғыға арналмаған құралдарды және керек-жарақтарды пайдалану.
- өнімнің мақсатына сай қолданылмауы.
- өнімді спорттық немесе конкурстық іс-шараларда қолдану.
- бөлшектері ақаулы өнімді пайдаланудан болатын зақымдар.

3. Техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар

«Техникалық қызмет көрсету» бөлімінде көрсетілген барлық жұмыстар тұрақты түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Техникалық қызмет көрсету жөніндегі осы жұмыстарды пайдаланушы өз бетімен өткізе алмаған жағдайда делдалға хабарласу керек.

STIHL компаниясы техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды және жөндеуді орындау үшін тек қана STIHL делдалдарына жүгінуді ұсынады.

STIHL делдалдары тұрақты түрде оқытуды ұсынады және техникалық ақпаратты қамтамасыз етеді.

Осы жұмыстар өткізілмеген жағдайда пайдаланушыны жауапкершілікке тартатын зақымдар пайда болуы мүмкін.

Оларға мыналар жатады:

- тоттануға және дұрыс сақтамауға байланысты басқа да зақымдары.
- сапасыз қосалқы бөлшектерді қолдануға байланысты сынған жерлері.

- уақытында өткізілмеген немесе жеткіліксіз түрде өткізілген техникалық қызметтен туындаған не болмаса біліксіз тұлғалар тарапынан өткізілетін сервистік және жөндеу жұмыстарының кезінде пайда болған зақымдар.

16. Басқа да қосалқы бөлшектер

Шапқыш пышағы – RM 545, RM 545 T, RM 545 V, RM 545 VE, RM 545 VR:
6340 702 0100

Көп функциялы пышақ – RM 545 VM:
6340 702 0120

Пышақ бұрандамасы:
9008 319 9075

Қорғауыш шайба:
0000 702 6600



Шапқыш пышағының бекіткіш элементтері (мысалы, пышақ бұрандамасы) пышақты ауыстырған кезде немесе пышақты орнатқан кезде ауыстырылуы керек. Қосалқы бөлшектерді STIHL делдалдарынан сатып алуға болады.

17. ЕО талаптарына сәйкестік туралы декларация

17.1 Бензинді көгалшапқыш (STIHL RM)

STIHL Tirol GmbH
Hans Peter Stihl-Straße 5
6336 Langkampfen
Австрия

төмендегіні толық жауапкершілікпен жариялайды:

Іштен жанатын қозғалтқышы бар қолмен басқарылатын көгалшапқыш (STIHL RM)

Фабрика таңбасы: **STIHL**
Сериялық нөмір: **6340**
Түрі: RM 545.0
RM 545.0 T
RM 545.0 V
RM 545.0 VE
RM 545.0 VM
RM 545.0 VR

келесі ЕО директиваларына сәйкес келеді:
2011/65/EU, 2000/14/EC, 2014/30/EU, 2006/42/EC, 2006/66/EC (RM 545.0 VE)

Өнім келесі нормативтерге сай өндірілген:
EN ISO 5395-1, EN ISO 5395-2, EN 60335-1, EN 14982
(RM 545.0 VE зарядтағыш құрылғысы: EN 60335-2-29, EN 62233, EN 60335-1)

Бұйымды әзірлеу және жасап шығару үшін өндірілген күннен бастап жарамды болатын нормалардың нұсқалары қолданылады.

Қолданылатын сәйкестікті бағалау әдісі:
Қосымша VIII (2000/14/EC)

Сертификатталған органның атауы мен мекенжайы:

TÜV Rheinland LGA Products GmbH
Tillystraße 2
D-90431 Nürnberg

Техникалық құжаттаманы жасау және сақтау:
Sven Zimmermann
STIHL Tirol GmbH

Құрастырылған жылы және машина нөмірі құрылғының төлқұжатында жазылған.

Өлшенген дыбыстық қуат деңгейі:

RM 545.0	94,4 dB(A)
RM 545.0 T	94,4 dB(A)
RM 545.0 V	94,4 dB(A)
RM 545.0 VE	94,8 dB(A)
RM 545.0 VM	94,4 dB(A)
RM 545.0 VR	94,4 dB(A)

Кепілді дыбыстық қуат деңгейі:

RM 545.0	95 dB(A)
RM 545.0 T	95 dB(A)
RM 545.0 V	95 dB(A)
RM 545.0 VE	96 dB(A)
RM 545.0 VM	95 dB(A)
RM 545.0 VR	95 dB(A)

Лангампфен,
2020-01-02 (ЖЖЖЖ-АА-КК)

STIHL Tirol GmbH

м.а.

Matthias Fleischer, Зерттеу және өнімдерді әзірлеу бөлімінің бастығы
м.а.

Sven Zimmermann, Сапаны бақылау бөлімінің бастығы

17.2 Сәйкестік белгісі



Кеден одағының техникалық нормалары мен талаптарының сақталуын растайтын EAS

сертификаттары және сәйкестік туралы өтініштер жөніндегі ақпарат, төменде келтірілген, www.stihl.ru/eas сондай-ақ STIHL компаниясының кез келген елдегі өкілдігінде қол жетімді.



Украинаның техникалық нормативтері мен талаптары орындалды.

17.3 Белгіленген қолданыс кезеңі

Толық белгіленген қызмет ету мерзімі 30 жылға дейінгі мерзімді құрайды.

Белгіленген қолданыс кезеңі уақытында, қолдану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес тұрақты техникалық қызмет және күтім көрсетіледі.

17.4 STIHL штаб-пәтері

ANDREAS STIHL AG & Co. KG
Badstrasse 115
71336 Вайблинген
Германия

17.5 STIHL еншілес кәсіпорындары

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

«АНДРЕАС ШТИЛЬ МАРКЕТИНГ» ЖШҚ
Тамбовская-сі, 12 үй, В лит., 52-кеңсе
192007, Санкт-Петербург қ-сы, Ресей
Шұғыл желі: +7 800 4444 180
Эл. пошта: info@stihl.ru

УКРАИНА

«Андреас Штіль» ЖШҚ
Антонов к-сі, 10 үй, Чайки ауылы
08135, Киев обл., Украина
Телефон: +38 044 393-35-30
Факс: +380 044 393-35-70
Эл. пошта: info@stihl.ua
www.stihl.ua
Шұғыл желі: +38 0800 501 930

17.6 STIHL өкілдіктері

БЕЛАРУСЬ

Өкілдік
ANDREAS STIHL AG & Co. KG
К. Цеткин к-сі, 51-11а
220004, Минск қ-сы, Беларусь
Шұғыл желі: +375 17 200 23 76

ҚАЗАҚСТАН

Өкілдік
ANDREAS STIHL AG & Co. KG
Шағабутдинов к-сі, 125А үй, 2-кеңсе
050026, Алматы қ-сы, Қазақстан
Шұғыл желі: +7 727 225 55 17

17.7 STIHL импорттаушылары

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

ООО «ШТИЛЬ ЗЮДВЕСТ»
350000, Российская Федерация,
г. Краснодар, ул. Западный обход, д.
36/1

ООО «ФЛАГМАН»

194292, Российская Федерация,
г. Санкт-Петербург, 3-ий Верхний
переулок, д. 16 литер А, помещение 38

ООО «ПРОГРЕСС»

107113, Российская Федерация,
г. Москва, ул. Маленковская, д. 32, стр.
2

ООО «АРНАУ»

236006, Российская Федерация,
г. Калининград, Московский проспект, д.
253, офис 4

ООО «ИНКОР»

610030, Российская Федерация,
г. Киров, ул. Павла Корчагина, д. 1Б

ООО «ОПТИМА»

620030, Российская Федерация,
г. Екатеринбург, ул. Карьерная д. 2,
Помещение 1

ООО «ТЕХНОТОРГ»

660112, Российская Федерация,
г. Красноярск, ул. Парашютная, д. 15

ООО «ЛЕСОТЕХНИКА»

664540, Российская Федерация,
с. Хомутово, ул. Чапаева, д. 1, оф. 39

УКРАИНА

ТОВ «Андреас Штіль»
вул. Антонова 10, с. Чайки
08135 Київська обл., Україна

БЕЛАРУСЬ

ООО «ПИЛАКОС»
ул. Тимирязева 121/4 офис 6
220020 Минск, Беларусь

УП «Беллесэкспорт»
ул. Скрыганова 6.403
220073 Минск, Беларусь

ҚАЗАҚСТАН

ИП «ВОРОНИНА Д.И.»
пр. Райымбека 312
050005 Алматы, Казахстан

ҚЫРҒЫЗСТАН

ОсОО «Муза»
ул. Киевская 107
720001 Бишкек, Киргизия

АРМЕНИЯ

ООО «ЮНИТУЛЗ»
ул. Г. Парпеци 22
0002 Ереван, Армения

18. Техникалық деректер

**RM 545.0, RM 545.0 T, RM 545.0 V,
RM 545.0 VE, RM 545.0 VM,
RM 545.0 VR:**

Сериялық идентификация	6340
Іштен жанатын қозғалтқыштың құрылымы	4-айналымды іштен жанатын қозғалтқыш

Іштен жанатын
қозғалтқыш
өндірушісі
Кесу ені
Кескіш

Пышақ
маңдайшасының
жетегі
Пышақ
бұрандамасының
созылу мезеті
Алдыңғы дөңгелек
диаметрі
Шөп жинағыштың
көлемі
Ұзындығы
Ені
Биіктігі

RM 545.0:

Іштен жанатын
қозғалтқыш түрінің
атауы
Жұмыс көлемі
Айналымның
кесімді санындағы
кесімді қуат
Іске қосу құрылғысы

Жанармай бағы
Пышақ
маңдайшаларының
айналу жиілігі
Кесу биіктігі
Артқы дөңгелек
диаметрі
Салмағы

Шуыл шығарылуы

2000/14/ЕС директивасына сәйкес:

Briggs & Stratton
43 см
Пышақ
маңдайшасы

үздіксіз

60 - 65 Нм

180 мм

60 л

147 см

48 см

102 см

Series 650 EXi
163 текше см

2,4 - 2800
кВт - айн/мин

Сымды іске
қосу
1,0 л

2800 айн/мин
25 - 80 мм

200 мм
27 кг

RM 545.0:

Кепілді дыбыстық
қуат деңгейі L_{WAd} 95 dB(A)
2006/42/ЕС директивасына сәйкес:
Жұмыс орнындағы
дыбыстық қысым
деңгейі L_{pA} 82 dB(A)
Ауытқу K_{pA} 2 dB(A)

Қол дірілі

EN 12096 бойынша белгіленген діріл
коэффициенті:
Өлшенген мән a_{hw} 4,80 м/сек²
Ықтимал дәлсіздік
 K_{hw} 2,40 м/сек²
EN 20643 бойынша өлшем

RM 545.0 T:

Іштен жанатын
қозғалтқыш түрінің
атауы Series 650 EXi
Жұмыс көлемі 163 текше см
Айналымның
кесімді санындағы
кесімді қуат 2,4 - 2800
кВт - айн/мин
Іске қосу құрылғысы Сымды іске
қосу
Жанармай бағы 1,0 л

Пышақ
маңдайшаларының
айналу жиілігі 2800 айн/мин
Кесу биіктігі 25 - 80 мм

Артқы дөңгелек
диаметрі 200 мм

Артқы дөңгелек
жетегі 1-жетек
Салмағы 29 кг

Шуыл шығарылуы

2000/14/ЕС директивасына сәйкес:
Кепілді дыбыстық
қуат деңгейі L_{WAd} 95 dB(A)

RM 545.0 T:

2006/42/ЕС директивасына сәйкес:

Жұмыс орнындағы дыбыстық қысым деңгейі L_{pA}	82 dB(A)
Ауытқу K_{pA}	2 dB(A)

Қол діріліEN 12096 бойынша белгіленген діріл
коэффициенті:

Өлшенген мән a_{hw}	4,80 м/сек ²
Ықтимал дәлсіздік K_{hw}	2,40 м/сек ²
EN 20643 бойынша өлшем	

RM 545.0 V:

Іштен жанатын қозғалтқыш түрінің атауы	Series 650 EXi
Жұмыс көлемі	163 текше см
Айналымның кесімді санындағы кесімді қуат	2,4 - 2800 кВт - айн/мин
Іске қосу құрылғысы	Сымды іске қосу
Жанармай бағы	1,0 л
Пышақ маңдайшаларының айналу жиілігі	2800 айн/мин
Кесу биіктігі	25 - 80 мм
Артқы дөңгелек диаметрі	200 мм
Артқы дөңгелек жетегі	Vario
Салмағы	29 кг

Шуыл шығарылуы

2000/14/ЕС директивасына сәйкес:

Кепілді дыбыстық қуат деңгейі L_{WAd}	95 dB(A)
--	----------

2006/42/ЕС директивасына сәйкес:

RM 545.0 V:

Жұмыс орнындағы дыбыстық қысым деңгейі L_{pA}	82 dB(A)
Ауытқу K_{pA}	2 dB(A)

Қол діріліEN 12096 бойынша белгіленген діріл
коэффициенті:

Өлшенген мән a_{hw}	4,80 м/сек ²
Ықтимал дәлсіздік K_{hw}	2,40 м/сек ²
EN 20643 бойынша өлшем	

RM 545.0 VE:

Іштен жанатын қозғалтқыш түрінің атауы	Series 675 iS
Жұмыс көлемі	163 текше см
Литий-ионды аккумулятор және зарядтағыш құрылғы	іштен жанатын қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз
Айналымның кесімді санындағы кесімді қуат	2,6 - 2800 кВт - айн/мин
Іске қосу құрылғысы	Электр іске қосу
Жанармай бағы	1,0 л
Пышақ маңдайшаларының айналу жиілігі	2800 айн/мин
Кесу биіктігі	25 - 80 мм
Артқы дөңгелек диаметрі	200 мм
Артқы дөңгелек жетегі	Vario
Салмағы	31 кг

Шуыл шығарылуы

2000/14/ЕС директивасына сәйкес:

RM 545.0 VE:

Кепілді Дыбыстық қуат деңгейі L_{WAd}	96 dB(A)
--	----------

2006/42/ЕС директивасына сәйкес:

Жұмыс орнындағы дыбыстық қысым деңгейі L_{pA}	83 dB(A)
Ауытқу K_{pA}	2 dB(A)

Қол діріліEN 12096 бойынша белгіленген діріл
коэффициенті:

Өлшенген мән a_{hw}	4,80 м/сек ²
Ықтимал дәлсіздік K_{hw}	2,40 м/сек ²
EN 20643 бойынша өлшем	

RM 545.0 VM:

Іштен жанатын қозғалтқыш түрінің атауы	Series 650 EXi
Жұмыс көлемі	163 текше см
Айналымның кесімді санындағы кесімді қуат	2,4 - 2800 кВт - айн/мин
Іске қосу құрылғысы	Сымды іске қосу
Жанармай бағы	1,0 л
Пышақ маңдайшаларының айналу жиілігі	2800 айн/мин
Кесу биіктігі	25 - 80 мм
Артқы дөңгелек диаметрі	200 мм
Артқы дөңгелек жетегі	Vario
Салмағы	30 кг

Шуыл шығарылуы

2000/14/ЕС директивасына сәйкес:

Кепілді Дыбыстық қуат деңгейі L_{WAd}	95 dB(A)
--	----------

RM 545.0 VM:

2006/42/ЕС директивасына сәйкес:

Жұмыс орнындағы

Дыбыстық қысым

деңгейі L_{pA} 82 dB(A)

Ауытқу K_{pA} 2 dB(A)

Қол дірілі

EN 12096 бойынша белгіленген діріл коэффициенті:

Өлшенген мән a_{hw} 4,80 м/сек²

Ықтимал дәлсіздік

K_{hw} 2,40 м/сек²

EN 20643 бойынша өлшем

RM 545.0 VR:

Іштен жанатын

қозғалтқыш түрінің

атауы Series 650 EXi

Жұмыс көлемі 163 текше см

Айналымның

кесімді санындағы 2,4 - 2800

кесімді қуат кВт - айн/мин

Іске қосу құрылғысы Сымды іске қосу

Жанармай бағы 1,0 л

Пышақ

маңдайшаларының

айналу жиілігі 2800 айн/мин

Кесу биіктігі 20 - 75 мм

Артқы ролик

диаметрі 90 мм

Ролик жетегі Vario

Салмағы 30 кг

Шуыл шығарылуы

2000/14/ЕС директивасына сәйкес:

Кепілді Дыбыстық

қуат деңгейі L_{WA} 95 dB(A)

2006/42/ЕС директивасына сәйкес:

RM 545.0 VR:

Жұмыс орнындағы

Дыбыстық қысым

деңгейі L_{pA} 82 dB(A)

Ауытқу K_{pA} 2 dB(A)

Қол дірілі

EN 12096 бойынша белгіленген діріл коэффициенті:

Өлшенген мән a_{hw} 4,20 м/сек²

Ықтимал дәлсіздік

K_{hw} 2,10 м/сек²

EN 20643 бойынша өлшем

Литий-ионды аккумуляторларды тасымалдау:

RM 545.0 VE: Қолданылатын литий-

ионды аккумуляторлар UN

ST/SG/AC.10/11/Rev.5

нұсқаулығының III тарауы, 38.3

қосымшасында анықталған талаптарды орындайды.

Пайдаланушы осы аккумуляторды жолда тасымалдау кезінде қосымша құжаттарсыз өткізе алады.

Өуе немесе теңізбен тасымалдаған кезде әр елде қолданылатын ережелер орындалуы тиіс.

Қосымша тасымалдау бойынша нұсқауларды келесі мекенжай бойынша қараңыз: <http://www.stihl.com/safety-data-sheets>

18.1 REACH

REACH химиялық заттарды тіркеу, бағалау және өкілдендіру туралы ЕС реттеуін білдіреді.

1907/2006 нөмірлі REACH Регламентін (ЕС) орындау туралы ақпарат www.stihl.com/reach сайтында берілген.

19. Ақаулықтарды іздеу

✱ Қажет болған кезде делдалға жүгінізіз, STIHL компаниясы STIHL делдалдарына жүгінуге кеңес береді.

📖 Іштен жанатын қозғалтқышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.

Ақаулық:

Іштен жанатын қозғалтқыш тұтанбайды

Ықтимал себебі:

- Қозғалтқышты тоқтату тұтқасы іске қосылмаған.
- **RM 545 VE:** Аккумулятор зарядталмаған немесе бүлінген
- Бакта жанармай жоқ; жанармай құбырлары бітеліп қалған.
- Бактағы жанармай нашар, лас немесе ескі.
- Ауа сүзгісі ластанған.
- От алдыру білтесі сымының штекері от алдыру білтесінен суырылған; от алдыру кабелі штекерге нашар бекітілген.
- От алдыру білтесі тоттанған немесе бұзылған; электродтардың арасындағы саңылау дұрыс орнатылмаған.
- Көгалшапқыш корпусы бітеліп қалды.

Ақаулықты жою әдісі:

- Қозғалтқышты тоқтату тұтқасын бас тұтқаға қарай басып тұрыңыз. (⇒ 9.2)
- **RM 545 VE:** Аккумуляторды зарядтаңыз немесе ауыстырыңыз. (⇒ 8.6)
- Жанармай құйыңыз; жанармай құбырын тазартыңыз. ✱

- Тек таза әрі таңбалы жанармайды, этилденбеген бензинді қолданыңыз; карбюраторды тазартыңыз. ✖
- Ауа сүзгісін тазалаңыз. ✖
- От алдыру білтесі сымының штекерін салыңыз; от алдыру кабелі мен штекердің арасындағы байланысты тексеріңіз. ✖
- От алдыру білтесін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз; электродтардың арасындағы саңылауды дұрыс орнатыңыз. ✖
- Көгалшапқыш корпусын тазалаңыз – оның алдында от алдыру білтесі сымының штекерін тартып шығарыңыз және **RM 545 VE** үлгісінде аккумуляторды да алып тастаңыз. (⇒ 12.2)

Ақаулық:

Іске қосу кезінде немесе іштен жанатын қозғалтқыш қуаттылығында қиындықтар пайда болуы мүмкін.

Ықтимал себебі:

- Көгалшапқыш корпусы бітеліп қалды.
- Шабу кезінде кесік биіктігі тым төмен немесе кесік биіктігіне қатысты беріліс жылдамдығы тым жоғары.
- Жанармай бағы мен карбюраторда су бар; карбюратор бітеліп қалған.
- Жанармай бағы ластанған.
- Ауа сүзгісі ластанған.
- От алдыру білтесі күйеге толы.

Шешім:

- Көгалшапқыш корпусын тазалаңыз – оның алдында от алдыру білтесі сымының штекерін тартып шығарыңыз және **RM 545 VE** үлгісінде аккумуляторды да алып тастаңыз. (⇒ 12.2)
- Жоғарырақ кесік биіктігін орнатыңыз немесе қозғалыс жылдамдығын төмендетіңіз. (⇒ 8.5)

- Жанармай бағын босатыңыз, жанармай бағы мен карбюраторды тазалаңыз. ✖
- Жанармай бағын тазалаңыз. ✖
- Ауа сүзгісін тазалаңыз. ✖
- От алдыру білтесін тазалаңыз. ✖

Ақаулық:

Шабу науасы ластанған.

Ықтимал себебі:

- Шапқыш пышағы тозған.
- Тым биік және ылғалды шөпті шабу.

Ақаулықты жою әдісі:

- Шапқыш пышағын ауыстырыңыз. (⇒ 12.4)
- Кесік биіктігі мен шабу жылдамдығын жұмыс шарттарына орай реттеңіз. (⇒ 10.), (⇒ 8.5)

Ақаулық:

Дұрыс кеспеу, шөп сарғаяды

Ықтимал себебі:

- Пышақ қайтқан немесе тозған.
- Көгалшапқыштың кесік биіктігіне қатысты жылдамдығы тым үлкен.

Ақаулықты жою әдісі:

- Пышақты өткірлеңіз немесе ауыстырыңыз (⇒ 12.6), (⇒ 12.4), ✖
- Шабу жылдамдығын азайтыңыз және/немесе дұрыс кесік биіктігін таңдаңыз (ең төмен кесік биіктігінде жұмыс істемеңіз). (⇒ 8.5), (⇒ 11.3)

Ақаулықтар:

Қозғалтқыш өте қатты қызады.

Ықтимал себебі:

- Қозғалтқыштағы майдың деңгейі өте төмен.

- Суытқыш қабырғалар ластанған.

Ақаулықтарды жою тәсілі:

- Мотор майын ауыстыру қажет. (⇒ 7.6)
- Суытқыш қабырғаларды тазалау керек. (⇒ 12.2)

Ақаулық:

Қозғалғыш механизм жетегінің тұтқасын іске қосқанда жетек іске қосылмайды

Ықтимал себебі:

- Қозғалғыш механизм жетегінің арқаны дұрыс орнатылмаған.
- Қозғалғыш механизм жетегінің арқаны бүлінген (мысалы, майысқан).
- Сына тәрізді белдік тозған.
- Беріліс қорабы бүлінген.

Шешім:

- Жетек арқанының реттеуін бақылаңыз. (⇒ 12.7)
- Жетек арқанын ауыстырыңыз. ✖
- Сына тәрізді белдікті ауыстырыңыз. ✖
- Беріліс қорабын ауыстырыңыз. ✖

Ақаулық:

Vario жетегінің жылдамдық реттегіші жұмыс істемейді

Ықтимал себебі:

- Vario жетегінің иіңтірегі қате бағытта қозғалады.
- Vario жетегінің арқаны шығып кеткен немесе бүлінген (мысалы, майысқан).

Шешім:

- Vario жетегінің иіңтірегін дұрыс бағытпен қозғалтыңыз. (⇒ 11.3)
- Vario жетегінің арқанын іліңіз немесе ауыстырыңыз. ✖

Ақаулық:

Жұмыс кезінде қатты діріл пайда болды.

Ықтимал себебі:

- Пышақ бұрандамасы босаған.
- Пышақ дұрыс емес өткірленгендіктен теңгерімсіздік пайда болды.
- Шапқыш бөлігі бүлінген.
- Іштен жанатын қозғалтқыштың бекіткіші босап кеткен.

Ақаулықты жою әдісі:

- Пышақ бұрандамасын берік бекемдеңіз. (⇒ 12.4)
- Пышақты өткірлеңіз (теңдестіріңіз) немесе ауыстырыңыз. (⇒ 12.5), (⇒ 12.6), ✖
- Пышақ, кесетін десте мен пышақ бекіткішін тексеріңіз және, қажет болса, жөндеңіз. ✖
- Іштен жанатын қозғалтқыштың бекіткіш бұрандаларын тартыңыз. ✖

20. Техникалық қызмет көрсету жоспары

20.1 Берілісті растау

Үлгі: _____

Серия нөмірі:

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Күнi: _ _ _ _ _ _



Келесі қызмет

Күнi: _ _ _ _ _ _

20.2 Қызмет көрсетуді растау



Қызмет көрсету жұмыстарын өткізген кезде, пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықты STIHL делдалыңызға беріңіз. Ол алдын ала басылған өрістерде қызмет көрсету жұмыстарының өткізілуін растайды.




Қызмет көрсету өткізілген күні



Келесі қызмет көрсету күні

**STIHL RM 545, RM 545 T, RM 545 V
RM 545 VE, RM 545 VM, RM 545 VR**

STIHL



0478 111 9840 A

A



INT 2